

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА ЖУРНАЛЫ

МЕДИЦИНСКИЙ ЖУРНАЛ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА

MEDICAL JOURNAL OF WEST KAZAKHSTAN

Тоқсан сайын шығатын ғылыми-практикалық журнал



Меншік иесі – ҚР ДСМ

«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті» ШЖҚ РМК Журнал 2004 жылдан бастап шығады. ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігіне 03.02.2017 ж. тіркеліп, №16330-Ж куәлігі берілген.

- Журнал «Қазпошта» АҚ «Газеттер мен журналдар» республикалық каталогында тіркелген (жазылу индексі – 74740).
- Журнал Ulrich's International Periodical Directory халықаралық және италиялық CINECA ғылыми басылымдары, сонымен қатар, Ресейлік ғылыми дәйексөз алу индексі (РИНЦ) мәліметтер базаларында индекстелді.
- Журнал 2016 жылғы 15 сәуірдегі комиссия шешімі бойынша Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің Тізіміне (ҚР БҒМ БҒСК) енгізілді.

Редакцияның және баспахананың мекенжайы:

030019, Ақтөбе қаласы,
Маресьев к. 68,
морфологиялық корпус, 116 каб.
«Батыс Қазақстан медицина журналы»
журналының редакциясы,
тел./факс: 8/7132/56-23-87,
e-mail: journal@zkgmu.kz

Көркемдеуші ред.: С.Д. Оразов

Корректорлар: С.Ұ. Тогызбаева

Л.Т. Татанова

А.С. Каримсакова

Шыққан күні: 27.06.18

Таралымы 500 дана

Тапсырыс № 001591

Марат Оспанов атындағы БҚММУ РБО,
басылып тұтпелді.



Бас редактор: Е.Ж. Бекмұхамбетов

Бас редактордың орынбасары: Г.А. Смағұлова

Жауапты хатшы: Н.І. Ізімбергенов

Жауапты шығарушы редактор:

Г.С. Дильмагамбетова

Редакциялық ұжым

Т.С. Абилов
С.К. Бермагамбетова
Ж.Ж. Гумарова
Т.А. Джаркенов
С.П. Досмагамбетов
Б.С. Жакиев
Л.М. Жамалиева
Б.К. Жолдин
Г.А. Журабекова
В.И. Котловский
А.А. Мамырбаев
Р.Е. Нургалиева
Б.Т. Тусупкалиев

Редакциялық кеңес

С.К. Ақшолақов (Астана)
Ж.А. Арзықұлов (Алматы)
А.К. Байгенжин (Астана)
В.М. Боев (Орынбор)
В.В. Власов (Мәскеу)
Ж.А. Досқалиев (Астана)
Т.Т. Киспаева (Караганда)
Р.С. Күзденбаева (Алматы)
G. Macchiarelli (Италия)
S.A. Nottola (Италия)
А.Г. Румянцев (Мәскеу)
Қ.Қ. Сабыр (Ақтөбе)
Б.Д. Сексенбаев (Шымкент)
А.Т. Тайжанов (Ақтөбе)
М.К. Телеуов (Астана)
Т.Ш. Шарманов (Алматы)

ISSN 1814-5620 БҚМЖ № 2011 1-120

Мұқабадағы сурет: "Le tubage". Georges Chicotot, 1904.

<https://everything.kz/article/33647474-le-tubage-georges-chicotot-1904>

© Барлық құқықтары қорғалған. Журнал редакциясының рұқсатынсыз мәтіндерді қайта басуға тыйым салынады. Материалдарды дәйектеу кезінде журналға сілтеме жасау міндетті.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА ЖУРНАЛЫ

МЕДИЦИНСКИЙ ЖУРНАЛ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА

MEDICAL JOURNAL OF WEST KAZAKHSTAN

Ежеквартальный научно-практический журнал



Собственник – РГП на ПХВ
«Западно-Казакхстанский государственный
медицинский университет
имени Марата Оспанова» МЗ РК

Журнал основан в 2004 г.

Свидетельство о постановке на учет №16330-Ж от
03.02.2017 г. выдано Министерством по информации
и коммуникациям РК.

- Журнал зарегистрирован в республиканском каталоге «Газеты и журналы» АО «Казпочта» (подписной индекс – 74740).
- Журнал индексируется в международной базе данных Ulrich's International Periodical Directory, в итальянской базе научных изданий CINECA и в Российском индексе научного цитирования (РИНЦ).
- Журнал входит в перечень изданий, рекомендуемых Комитетом по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан для публикации основных результатов научной деятельности (Решением комиссии от 15 апреля 2016 года).

Почтовый адрес редакции и типографии:

030019, г. Ақтобе,
ул. Маресьева, 68,
Морфологический корпус, каб. 116,
Редакция журнала "Медицинский журнал
Западного Казахстана",
тел./факс: 8/7132/56-23-87,
e-mail: journal@zkgmu.kz

Художественный ред.: С.Д. Оразов

Корректоры: С.У. Тогызбаева

Л.Т. Татанова

А.С. Каримсакова

Дата выпуска: 27.06.18

Тираж 500 экз.

Заказ № 001591

Отпечатано в РИЦ ЗКГМУ
имени Марата Оспанова



Главный редактор: Е.Ж. Бекмухамбетов

Зам. главного редактора: Г.А. Смагулова

Ответственный секретарь: Н.И. Изимбергенов

Ответственный выпускающий редактор:

Г.С. Дильмагамбетова

Редакционная коллегия

Т.С. Абилов
С.К. Бермагамбетова
Ж.Ж. Гумарова
Т.А. Джаркенов
С.П. Досмагамбетов
Б.С. Жакиев
Л.М. Жамалиева
Б.К. Жолдин
Г.А. Журабекова
В.И. Котлобовский
А.А. Мамырбаев
Р.Е. Нургалиева
Б.Т. Тусупкалиев

Редакционный совет

С.К. Акшолоков (Астана)
Ж.А. Арзыкулов (Алматы)
А.К. Байгенжин (Астана)
В.М. Боев (Оренбург)
В.В. Власов (Москва)
Ж.А. Доскалиев (Астана)
Т.Т. Киспаева (Караганда)
Р.С. Кузденбаева (Алматы)
G. Macchiarelli (Италия)
S.A. Nottola (Италия)
А.Г. Румянцев (Москва)
К.К. Сабыр (Ақтобе)
Б.Д. Сексенбаев (Шымкент)
А.Т. Тайжанов (Ақтобе)
М.К. Телеуов (Астана)
Т.Ш. Шарманов (Алматы)

ISSN 1814-5620 БҚМЖ № 2011 1-120

Рисунок на обложке: «Le tubage». Georges Chicotot, 1904. <https://everything.kz/article/33647474-le-tubage-georges-chicotot-1904>

© Все права защищены. Перепечатка текстов без разрешения редакции журнала запрещена. При цитировании материалов ссылка на журнал обязательна.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА ЖУРНАЛЫ МЕДИЦИНСКИЙ ЖУРНАЛ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА MEDICAL JOURNAL OF WEST KAZAKHSTAN

Quarterly scientific and practical journal



Titleholder- Republican state enterprise on the basis of the right of economic jurisdiction "West Kazakhstan Marat Ospanov state medical university" MH RK

The journal was founded in 2004.

Certificate of registration M16330-Zh dated 03/02/2017 issued by Ministry of information and communication of RK.

- The journal is registered in republic catalogue "Newspapers and magazines" JCS "Kazpost" (subscription index 74740).
- The journal is indexed in international database of Ulrich's International Periodical Directory, in Italian database of scientific publications CINECA and in Russian Scientific Citation Index (RSCI).
- The journal is included in the list of publications recommended by Committee for Control of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for publication of the main results of scientific activity. (decision of commission dated April 15, 2016).

Postal address of the editorial office and printing house:

030019, Aktobe

Maresyev str., 68

Morphological department, 116 room

Editorial office of the journal "Medical journal of West Kazakhstan"

Telephone/Fax: 8 /7132/56-23-87

e-mail: journal@zkgmu.kz

Artistic editor: S.D. Orazov

Proofreaders: S.U. Togyzbayeva

L.T. Tatanova

A.S. Karimsakova

Date of issue: 27.06.18

Circulation 500 copies

Order № 001591

Printed in Editorial publishing center of West Kazakhstan Marat Ospanov state medical university



Chief editor: Ye.Zh. Bekmukhambetov

Deputy chief editor: G.A. Smagulova

Executive secretary: N.I. Izimbergenov

Executive editor: G.S. Dilmagambetova

Editorial team

T.S. Abilov

S.K. Bermagambetova

Zh.Zh. Gumarova

T.A. Jarkenov

S.P. Dosmagambetov

B.S. Zhakiyev

L.M. Zhamaliyeva

B.K. Zholdin

G.A. Zhurabekova

V. I. Kotlobovsky

A.A. Mamyrbayeva

R.E. Nurgaliyeva

B.T. Tussupkaliyev

Editorial board

S.K. Aksholakov (Astana)

Zh.A. Arzykulov (Almaty)

A.K. Baigenzhin (Astana)

V.M. Boyev (Orenburg)

V.V. Vlasov (Moscow)

Zh.A. Doskaliyev (Astana)

T.T. Kispayeva (Karaganda)

R.S. Kuzdenbayeva (Almaty)

G. Macchiarelli (Italy)

S.A. Notolla (Italy)

A.G. Rumyantsev (Moscow)

K.K. Sabyr (Aktobe)

B.D. Seksenbayev (Shymkent)

A.T. Taizhanov (Aktobe)

M.K. Teleuov (Astana)

T.Sh. Sharmanov (Almaty)

ISSN 1814-5620 WKMJ № 2011 1-120

Picture on the cover: «Le tubage». Georges Chicotot, 1904. <https://everything.kz/article/33647474-le-tubage-georges-chicotot-1904>

© All rights are reserved. Reprinting of texts without the permission of the journal editorial office is prohibited. When citing journal data, reference is strictly required.

ҚАТЕРЛІ ІСІККЕ ТҰҚЫМҚУАЛАУШЫЛЫҚҚА БЕЙІМ ОТБАСЫЛАРҒА СКРИНИНГТІК ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Н.С. ИСКАКОВА*, У.С. САМАРОВА

Семей қаласының мемлекеттік медицина университеті,
Семей, Қазақстан

Қатерлі ісікке тұқымқуалаушылыққа бейім отбасыларға скринингтік зерттеулерді ұйымдастыру

Н.С. Искакова*, У.С. Самарова

Семей қ. медицина университеті, Семей, Қазақстан

Кең таралуы және жоғары өлім көрсеткіштеріне байланысты қатерлі ісіктер бүкіл әлем елдерінің денсаулық сақтау саласының басты мәселелерінің бірі болып табылады. Мәселенің мән-жайын түсіну үшін бүгінгі таңда қатерлі ісіктің этиологиясы мен патогенезіне байланысты сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік беретін көптеген мәліметтер алынды.

Онкологиялық патологияның таралуын зерттеу мақсатымен дені сау және әртүрлі онкологиялық ауруға шалдыққан науқастар арасында сауалнама жүргізілді. Біріншіден, отбасындағы онкологиялық патологияның бар-жоқтығын анықтау, екіншіден, онкологиялық аурулардың отбасылық формаларының жиілігін анықтау.

Жүргізілген экспресс-сауалнама нәтижесінде келесідей мәліметтер алынды. Сауалнамаға 96 жауап беруші қатысты (медициналық университеттің білім алушылары және онкологиялық диспансер науқастары). 43 сауалнама өздігінен толтырылды, қалғандары стационарлық науқастың картасынан көшірілді.

Негізгі сөздер: қатерлі ісіктер, генетикалық экспресс-сауалнама, генеалогиялық шежіре.

Организация скрининговых исследований для семей, склонных к наследственным онкологическим заболеваниям

Н.С. Искакова*, У.С. Самарова

Государственный медицинский университет г. Семей, Семей, Казахстан

В результате проведенного комплексного социально-гигиенического исследования частота встречаемости наследственных онкологических форм в общей выборке исследования составила 5 %. Данный эксперимент позволил определить, что в основу организации медико-генетической помощи онкологическим больным должны быть рекомендованы следующие подходы: строгая добровольность проводимых исследований, конфиденциальность, доступность данного вида помощи. Более 75 % респондентов согласились с необходимостью проведения данного рода обследований и диагностик при наличии у него или в его семье серьезной патологии, в частности, онкологической.

Взаимодействие онкологической и медико-генетической служб, действующих на территориальном уровне, позволяет обеспечить непрерывную, преемственную, этапную, комплексную схемы диспансеризации больных с генетически детерминированными злокачественными новообразованиями.

Ключевые слова: злокачественные новообразования, генетический экспресс-опрос, генеалогическое древо.

Screening research for families with hereditary oncological diseases

N.S. Iskakova*, U.S. Samarova

Semey Medical University, Semey, Kazakhstan

As a result of complex social and hygiene studies, the incidence of hereditary cancer forms in the total sample of the study was 5%. Case study determined that the organization of medical and genetic services to cancer patients should be based on the following approaches: a strictly voluntary ongoing research, privacy, availability of this type of aid. Over 75 % of respondents agreed with the need for this kind of examination and diagnosis in the presence of his family serious pathology, such as oncology. Interconnection of oncology and medical genetics services operating at territorial level enables continuous, staged and complex preventive medical examination of patients with genetically determined malignancies.

Keywords: malignant tumors, genetic express-survey, genealogical tree.

Өзектілігі. Қазіргі медицинада күннен күнге күрделеніп келе жатқан мәселе мүгедектікке әкелетін аурулар, жүрек-қан тамыр аурулары, қатерлі ісіктер болып келе жатыр. Еуропа және басқа да батыс елдерінде жыл сайын тұрғындардың 1% қайтыс болады. Олардың себептерінің 75%-ның үлесін қатерлі ісіктер, жүрек-қан тамыр аурулары және инсульттер алып отыр. Байқап отырғанымыздай, әрине, өлім жағдайларының жиілігі жас ұлғайған сайын өсетіні белгілі, бірақ бала-

лар өлімінің себептерінің ішінде кездейсоқ оқиғалардан кейін қатерлі ісіктер екінші орында тұр.

Қазіргі таңда қатерлі ісіктердің тұқым қуалайтын мүмкіндігі бар екендігі күмән келтірмейді. Қатерлі ісіктердің тұқым қуалайтын түрлері орналасуы бойынша барлық мүшелерде кездеседі және орта есеппен барлық қатерлі ісіктердің 5-15%-ын құрайды. Кейбір неоплазияларда (балалардың эмбрионалды ісіктерінде) тұқымқуалаушылық нұсқалардың үлесі

*Искакова Н.С. – м.ғ.м., қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасының оқытушысы; e-mail: nazum_iskakova@mail.ru
Самарова У.С. – м.ғ.к., қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасының доценті.

30-40 %-ға жетеді. Отбасылық жинақталу (3 және одан да көп науқастанған туыстар) фактісі және аурудың ерте жаста басталуы барлық тұқымқуалайтын қатерлі ісіктердің басты белгілері болып табылады.

Тұқым қуалайтын формалардың профилактикасы жүйесінде қатерлі ісікке генетикалық жоғары шалдығу мүмкіндігі бар отбасы мүшелерін динамикалық бақылау және уақтылы профилактикалық көмек көрсету негізгі міндет болып табылады. Қауіп-қатер тобын бақылаудың негізгі мақсаты – ауруды ерте кезеңде анықтау және емдеу жүргізу.

Осының барлығына қарамастан онкологиялық және медико-генетикалық қызметтердің әрекеттесуінің ғылыми негізделген тәсілінің жоқтығы, бұл бағыттағы қажетті жұмыс санының аздығы аталмыш зерттеуді жүргізуге түрткі болды.

Зерттеудің мақсаты. Кешенді әлеуметтік әдіс негізінде қатерлі ісікке тұқымқуалаушылыққа бейім отбасыларға медициналық көмекті көрсету және алдын алудың ұйымдастырушылық технологияларын ғылыми негіздеу және құрастыру.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеу 1-кестеде көрсетілген сызбаға сәйкес жүргізілді.

Ұсынылған зерттеу статистикалық, социологиялық және ұйымдастырушылық-функционалды әдістер арқылы жүзеге асырылды. Статистикалық әдіс тіркеу-есептік құжаттарды талдауда қолданылды. Социологиялық әдіс арнайы әзірленген сауалнама-интервью түрінде жүргізілді. Осыған байланысты Семей қаласының өңірлік онкологиялық диспансеріндегі 4 стационарлық бөлімде ем қабылдап жатқан 96 науқастан сауалнама-интервью алынды.


Зерттеу нәтижелері және оларды талдау.

Семей қаласындағы қатерлі ісіктермен сырқаттанушылық көрсеткіштері ШҚО бойынша 2012 жылы қатерлі жаңа түзілістермен сырқаттану – 2445, ал 2013 жылы – 1925-ті құрап, 21,3% ға азайды. 2013 жылдың соңғы 9 айындағы ШҚО аумағы бойынша қатерлі

жаңа түзіліс ауруларының жас - жыныстық таралуына назар аударсақ, науқастанғандар саны: ерлер – 960, әйел адамдар – 965; бұл 2012 жылмен салыстырғанда, ерлерде ауру көрсеткіші – 15,7 %, әйелдерде – 26,2 % азайғанын көрсетеді (1-сурет).

Осы жылдар аралығында көрсеткіштерінде елеулі айырмашылықтар болған жаңа түзілістердің локализациясын сипаттасақ: асқазанда шоғырлану 2013 жылы 21%-ға, әйелдерде – 18,8% төмендеген, кеңірдек, бронх, өкпе жаңа түзілістері ерлерде – 14%, әйелдерде – 18,75% төмендеген. Терінің басқа түзілістері: ерлерде – 26,5%, әйелдерде – 25,9%, сүт безінің қатерлі жаңа түзілісі – 25,5 % жатыр мойнының – 32,8% төмендесе, ерлер арасында қуық асты бездің қатерлі жаңа түзілісі – 10,1% жоғарылады. Ал қатерлі жаңа түзілістер шоғырының елеусіз өзгерген түрлері: ерін – ер (8,3%), әйел (50%), тіл, ауыз қуысы, жұтқыншақта ер (26,7%), әйел (21,4%), өңеште ер (55,8%), әйел (17,4%); тоқ ішек – ер (20,1%), әйел (17,8%); тік ішек – ер (10,7%), әйел (40%); бауыр және бауыршілік өт жолдары – ер (34,3%), әйел (41,4%); ұйқы безі – ер (5,9%), әйел (47,1%); кеңірдек – ер (18,5%), әйел (50%); сүйек және буын байламдары – ер (42,9%) азайса, әйел (37,5%) көбейген; байланыстырушы және басқа да жұмсақ тіндер – ер (5,6%) көбейсе, әйелдерде (37,5%) азайған; тері меланомасы – ер (8,3%), әйел (33,3%); әйелдерде жатыр денесі – 11%, жұмыртқа безі – 38,2%; аталық без – 42,9%, бүйрек – ер (16,7%), әйел (32,4%); бас миы және орталық жүйке жүйесі – ер (14,3%), әйел (50%); қалқанша без – ер (50%), әйел (13,3%) азайған. 2012 жылы ерлер арасында өкпе, бронх, кеңірдек қатерлі ісігімен дерттену 55-64 жас аралығында жиі кездессе – 96 (58,3%), терінің басқа да жаңа түзілістерімен 70-74 жас аралығында сырқаттану - 40 (73,5%), асқазан – 70-74 жас аралығында – 22 (79,8%) сырқаттану жиі кездеседі, ал әйелдер арасында терінің жаңа түзілістері қатерлі ісігімен сырқаттану – 70-74 жас аралығында жиі кездессе – 51 (80,3%), жатыр мойнының қатерлі ісігі 50-54 жас аралығындағы әйел адамдарда – 21 (82,4%) жиі

N	Зерттеу кезеңдері	Әдістері	Негізгі көздері және көлемі
1	I кезең		
	Зерттеу бағдарламасын жасау, зерттеу мақсаттары мен міндеттерін анықтау	Ретроспективті талдау	Басқа авторларды зерттеу
2	II кезең		
	Әдебиет көздерін, нормативтік-құқықтық актілер құжаттарын, ЕПМ есептерін сараптау	Ретроспективті талдау	Әдебиет көздері Нормативтік-құқықтық актілер
3	III кезең		
	Сауалнама, интервьюирлеуге эксперттік баға беру	Э к с п е р т т і к , социологиялық	Қатерлі ісікке шалдыққан 96 науқастан сауалнама алынды шілде-тамыз 2014 жыл
4	IV кезең		
	Жиналған мәліметтерді сараптау	Аналитикалық Статистикалық	
5	V кезең		
	Қатерлі ісікке тұқымқуалаушылыққа бейім отбасыларға скринингтік зерттеулерді ұйымдастыру		



Сурет 1. 2012-2013 жылдардағы қатерлі жаңа түзілістермен ШҚО бойынша сырқаттану көрсеткіштері

кездеседі. 2013 жылдың соңғы 9 айындағы деректер бойынша ерлер арасында 60-64 жаста кеңірдек, бронх, өкпенің, 70-74 жаста терінің басқа да жаңа түзілістерінің, 60-64 жаста аталық бездің, 75-79 жас аралығында асқазанның қатерлі жаңа түзілістерімен сырқаттану жиі кездеседі. Әйелдер арасында 75-79 жаста терінің жаңа түзілістері, 50-54 жаста сүт безінің, жатыр мойнының, жатыр денесінің қатерлі жаңа түзілістерімен сырқаттану жиі кездеседі. 2012 жылы қатерлі жаңа түзілістермен сырқаттанушылық 3851(276,2), өлімділік 2159(154,6) науқасты құраса, үстіміздегі жылдың 9 айы қорытындысы бойынша сырқаттанушылық 2888(207,1), ал өлімділік 1496 (107,3) құрады. ШҚО аумағының 2012 жылғы өлімділік көрсеткіші бойынша Шемонайха ауданында 96(200,9), Өскемен қаласында 142(190,3), Глубокий ауданында 118 (185,7) жоғары. Ал 2013 жылдың 9 айында Риддер қаласында 91(157,1), Шемонайха ауданында 71(151), Зырян қаласында 101(137,1), Өскемен қаласында 440(137) алдыңғы қатарлы өлімділікті беруде. Оның ішінде асқазан қатерлі ісігінен Бесқарағай ауданы 6(27,9), бауыр қатерлі ісігінен Риддер қаласы 11(19,0), ұйқы безі қатерлі ісігінен Шемонайха ауданы 5(10,5), тоқ ішек қатерлі ісігінен Риддер қаласы 15(25,9), тік ішек қатерлі ісігінен Курчатов қаласы 2(17,2), өкпе қатерлі ісігінен Абай ауданы 7(47,5), Зырян қаласы 30(40,2), сүйек қатерлі ісігінен Аягөз қаласы, Абай, Бесқарағай, Бородулиха аудандарында 1 жағдайдан, сүт безі қатерлі ісігінен Глубокий ауданы 15(23,6), Өскемен қаласында 71(22,2), жатыр мойны қатерлі ісігінен Өскемен 31(37,1), жатыр денесі қатерлі ісігінен Курчатов қаласында 1(9,0), жұмыртқа безі қатерлі ісігінен Зырян қаласында 5(6,7), аталық без қатерлі ісігінен Глубокий ауданы 7(11,0) тіркелген (2-сурет).

Сүт безінің қатерлі ісігіне скринингтік зерттеу жүргізу аумағы болып Абай, Бородулиха, Бесқарағай, Жарма, Уржар, Аягөз, Көкпекті аудандары және Семей,

Курчатов қалалары таңдалды. Мақсатты топ ретінде (50,52,54,56,58,60 жас). Жоспар бойынша тексеруден 16195 халық саны алынды, алайда 15254(94%) әйелдер маммографиялық тексеруден өтті. Скрининг нәтижесі бойынша теріс нәтижені 18 адам көрсетті. 1А кезеңде – 5; 2А кезеңде – 5; 2Б кезеңде – 4; 3 кезеңде – 4 әйел адамнан сүт безінің қатерлі ісігі анықталды.

2013 жылдың соңғы 10 айында колоректалды қатерлі ісікке скринингтік тексеру үшін Семей, Курчатов қалалары, Абай, Аягөз, Бородулиха, Жарма, Бесқарағай, Уржар аудандарынан жоспар бойынша 34169 адам алынды, алайда зерттеуден өткендердің нақты саны 34082 болды, оның ішінде гемодақыл тесттен оң нәтижені – 900 (2,6) адам көрсетті, ал эндоскопиялық колоноскопиядан өткендер саны 880(98,2) адам болды. Зерттеу нәтижесі көрсеткен ауру кезеңдері бойынша: 1 кезеңде – 2(6,6), 2 кезеңде – 3(10,3), 4 кезеңде – 1 адам анықталды. Семей қаласында колоректалды қатерлі ісікпен 1 кезеңдегі 1 адам (3,5), 2 кезеңде – 2 адам (7,1), 4 кезеңде 1 адам анықталды, Курчатов қаласында 2 кезеңде – 1 адам, ал Уржар қаласында – 1 кезеңде – 1 адам анықталды.

Қуықасты безінің қатерлі ісігінің Семей аумағы бойынша скринингтік зерттеулері жоғарыда аталған 6 аумақта жүргізілді. Жоспар бойынша тексеруден 9548 адам өткізілуі көзделді, оның ішінде ПСА 4нг/мл өткендер саны 9018, ПСА 4-10нг/мл өткендер саны - 478, ПСА 10нг/мл жоғарылар саны - 72 болды, Қуықасты безінің саулық индексі (Phi) 25-тен жоғары – 376 болды, биопсиялар саны – 74, оның ішінде ДГПЖ анықталғандар – 59, ал қуықасты безінің қатерлі ісігі анықталғандар – 15 болды. Семей қаласында – 12, Курчатов қаласында – 2, Бородулиха ауданында – 1 анықталды.

Еңеш және асқазан қатерлі ісігі бойынша Семей аумағының жоғарыда аталған 6 аумағынан өзге Мақаншы, Семей қ. ММУ, Семей қ. ҚДЦ тексеруден өткізілді.

Жоспар бойынша 16954 адам өткізілуі көзделді, алайда өткендер саны 15805 құрады (93,2%). Өңешті зерттеу нәтижесі бойынша: ES1-7451; ES2-3; ES3-1577; ES7-3; ES8-21; ES10-1; ES12-1; анықталды, ал асқазанды зерттеу нәтижесі бойынша GS1-1977, GS2-117; GS3-7552; GS4-69; GS5-23; GS6-25; GS7-103; GS8-3; GS9-6; GS11-1 адам анықталды.

Бауырдың қатерлі ісігін анықтауға арналған скринингтік зерттеулер Семей және Курчатова қалаларында 340 адамға жүргізілуі көзделсе, тексеруден (бауыр УЗИ, АФП) – 299 (88,0) адам өтті, ал ауылдық елді мекендерден (Абай, Аягөз, Бесқарағай, Бородулиха, Үржар) 82 адам өткізілуі жоспарланса, нақты өткендер саны – 71(88,8) адам өтті. Скрининг нәтижесі бойынша науқастанғандар анықталған жоқ.

Жатыр мойнының қатерлі ісігіне скринингтік тексеру аумағы болып Семей, Курчатова қалалары, Абай, Бесқарағай, Жарма аудандары таңдалды, скринингтік тексеруден өткізуге жоспарланғандар саны – 11300 болды. Пар тест, сұйықтық патологиясы бойынша зерттелген әйелдер саны – 8219 құрады (72,7). LSIL анықталғандар – 324(3,9), HSIL анықталғандар – 65(0,8), Carcinoma in situ анықталғандар – 5 (0,1), ал жатырдың қатерлі ісігі анықталғандар – 4(0,04) болды. Мақсатты топ ретінде (30,35,40,45,50,55,60 жастағылар) алынды, оның ішінде: 1а кезеңде – 2, 1б кезеңде – 2, 3 кезеңде – 1 адамда анықталды.


2012 мен 2013 жылдың 9 ай аралығындағы өлім көрсеткіші 44,3% кеміген. 2013 жылы скринингке енгізілген кеңірдек қатерлі ісігі 14%-ға, асқазан қатерлі ісігі 27%-ға, бауыр қатерлі ісігі 65%-ға, аталық без қатерлі ісігі 80%-ға түсті. 2013 жылдың 9 ай қорытындысы бойынша жатыр денесі қатерлі ісігінің сырқаттанушылығы 159-ға көтерілсе, өлімділік 55-ке төмендеді,

ал аталық без қатерлі ісігі сырқаттанушылығы 161-ге көтерілсе, өлімділік 41-ді құрады. Осы екі жылдың қорытынды көрсеткіштері бойынша асқазан, ұйқы безі, бауыр қатерлі ісіктерімен өлім көрсеткіші сырқаттанушылық көрсеткішінен жоғары болуы алаңдатуда.

Қорытындылай келсек, «XXI ғасыр індетіне» айналған қатерлі ісіктің профилактикалық шаралары қазіргі таңда белсенді жүргізілуде. Бұл мақсатта «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы негізінде скринингтік зерттеулер бағдарламасы қатарына жатыр мойнының, сүт безінің, аталық бездің және колоректалды қатерлі ісікті анықтау мақсат етілді, бұл арқылы халық арасында I-II кезеңдегі қатерлі ісікті анықтауға болады, алайда осы көрсеткіштер негізінде аталған скрининг түрлері жүргізілсе де қатерлі ісікпен науқастанған ерте кезеңдегі науқастар саны жоғарыламауда, бұл скринингтің дұрыс жүргізілу сапасының сын көтермейтіндігін аңғартады. Ал скринингтік зерттеу нәтижелері Семей аумағында сүт безінің, қуықасты безінің қатерлі ісігімен және асқазан қатерлі ісігімен сырқаттанушылық және анықталуы жоғары дәрежеде тұрғанын көрсетті. Соның ішінде 1 және 2 кезеңдегі қатерлі ісіктер жиі анықталды. Алайда жазылған сан мен халық денсаулығының сапасы арқашан сай келе бермейтіндігі бесенеден белгілі. Сондықтан да қатерлі ісікпен күрес жолында скринингтік зерттеулерді барша аумақтарда міндетті түрде жүргізсе нұр үстіне нұр болары анық.

Генетикалық экспресс-сауалнама нәтижелері

Онкологиялық патологияның таралуын зерттеу мақсатымен дені сау және әртүрлі онкологиялық ауруға шалдыққан науқастар арасында сауалнама жүргізілді. Біріншіден, отбасындағы онкологиялық патологияның бар-жоқтығын анықтау, екіншіден, онкологиялық ауру-



Сурет 2. 2012-2013 жылдар бойынша қатерлі жаңа түзілістермен ШҚО бойынша өлім көрсеткіштерін салыстыру

лардың отбасылық формаларының жиілігін анықтау.

Жүргізілген экспресс-сауалнама нәтижесінде келесідей мәліметтер алынды. Сауалнамаға 96 жауап беруші қатысты (медициналық университеттің білім алушылары және онкологиялық диспансер науқастары). 43 сауалнама өздігінен толтырылды, қалғандары стационарлық науқастың картасынан көшірілді.

96 сауалнаманың 43 (30 %) әртүрлі туыстық жақындықтағы онкологиялық патологияның бар екендігін көрсетті. Олардың 95 % жағдайында біріншілік немесе екіншілік туыстық жақындық дәрежесі. Одан кейін онкологиялық патологиясы бар науқастардың сауалнамалары өңдеуге ұшырады. Барлық туыстық жақындық дәрежелерінде 14 онкологиялық нозология көрсетілген, орташа есеппен алғанда ол әрбір анкетаға 1,6 % нозологиядан келетіндігін көрсетеді. Сирек кездесетін және отбасылардағы тұқым қуалайтын онкологиялық аурулардың саны бойынша жалпы таралуы келесідей болды: 24 сауалнамада онкологиялық аурудың бір түрі ғана көрсетілген, яғни ол онкологиялық патологиясы бар сауалнаманың 25%-ын құрайды. 3 сауалнамада (3,1%) отбасында екі нозология, 3 сауалнамада (3,1%) үш нозология және 2 сауалнамада (2 %) төрт және одан да көп нозология көрсетілген.

Біздің жүргізген зерттеуіміз әдебиеттерде көрсетілген қатерлі ісіктердің тұқымқуалауға бейім түрлерінің санының кездесу жиілігін мақұлдады.

Отбасылық түрлердің кездесу жиілігі біздің зерттеуіміздің жалпы таңдамасында, онкологиялық диспансер науқастарының сауалнамасын санамағанда, 12,4 % құрады. Мысалы ретінде біз онкологиялық патологияның қомақты жиналуын көрсететін екі отбасының генетикалық шежіресін ұсынамыз.

Аталмыш адамдардан алынған анамнездік мәліметтер берілген отбасыларда генетикалық тұрғыдан тұқымқуалаушылыққа бейім қатерлі ісіктердің бар екендігіне жоғары дәрежеде сенімділікке мүмкіндік береді. Бұл жағдайда генеалогиялық зерттеудің нәтижесін науқастар отбасыларында әртүрлі диагностикалық (клиникалық, генетикалық) шараларды жүргізуге алғышарт ретінде қабылдауымыз керек. Отбасының барлық мүшелерінің патологиялық геннің тасымалдаушысы болуы міндетті емес, бірақ мамандандырылған генетикалық диагностиканы қолдану дәл осы жағдайда қажетті болып табылады.

Сонымен қатар, сауалнамадан онкологиялық патология жайлы алынған нәтижелер толық емес болуы мүмкін, себебі респонденттердің барлығы туыстарындағы, кейбіреулері тіпті жақын туыстарындағы нақты қандай аурулармен науқастанғанын білмеуі мүмкін. Бұл жерде сонымен қатар «патологияны ауыстыру» феномені туралы айта кеткен жөн. Яғни, біздің сауалнамаға қатысқан егде жастағы адамдар (жас және одан жоғары) көбінесе туыстары туралы мәліметтердің жоқтығының себебі ретінде соғыс, әртүрлі миграциялық және басқа да әлеуметтік факторлардың әсеріне сілтеме жасады. Аталмыш факт, әрине, зерттеудің дәлдігін өзгертеді,

бірақ бұл жағдай отбасылық формалардың кездесу жиілігінің сандарын төмендетпейді.

Тұрғындардың қатерлі ісіктің түрі мен орналасуы бойынша ақпараттануына келетін болсақ, 85 % жағдайда респонденттер бұл сұраққа жауап бере алады. Алайда, жауап алынғандардың 30 % қатерлі ісіктің белгісіз жерде орналасуын нұсқайды.

Әрине, әрбір онкологиялық патологияның отбасылық формасы тұқым қуаламайды, бірақ аталмыш зерттеу көптеген онкологиялық патологиясы бар науқастардан қажеттілеріне керек генетикалық кеңестен өтуді қарапайым, арзан және жылдам әдістермен іріктеп алуға мүмкіндік берді.

Жеке нозологиялар бойынша онкологиялық патологияның құрылымын бағалай келе ең жиі кездесетін нозологиялар деп келесілерді атауға болады – сүт безінің, онкогинекология (аналық без, жатыр мойны және жатыр денесінің қатерлі ісіктері), лимфа түйіндерінің қатерлі ісіктері (3-сурет).

Отбасыларында онкологиялық патологиялар кездесті деп жауап берген респонденттердің ең жиі кездескен туысы – әкесі мен анасында болған (4-сурет).

Бұл фактілерді жалпыландыра келе, онкологиялық көмектің жалпы жүйесінде қатерлі ісіктердің алдын алуды арнайы мамандандырылған медико-генетикалық кеңесті ұйымдастыру арқылы жүзеге асыруды қарастыру қажет.

Аталған сұрақтардың шешімдерінің жетістігі тек қана медико-генетикалық кеңес берудің стратегиясын құруға мүмкіндік бермей, сонымен қатар патогенетикалық емдеу және қатерлі ісіктердің алдын алудың әдістемесін жасауға мүмкіндік беруші еді.

«Генетикалық экспресс – сауалнама» негізгі мақсаты – шартты дені сау адамдардың отбасыларында онкологиялық аурулардың отбасылық және тұқым қуалайтын түрлерінің санын анықтаудан басқа туыстары онкологиялық науқас болып табылатын респонденттермен жұмыс істеу барысында кейбір психологиялық аспектілерді де ашып берді. Сауалнаманы толтыру 106 адамға ұсынылды, олардың 96 жауап беруге келісті, ал 10 жағдайда бас тарту жағдайлары болды. Зерттеуіміздің басында біз сауалнаманы ұсынған адамдарға негізгі мақсатты түсіндірдік. Біз мақсатты түрде бас тарту себептеріне сараптама жүргіздік және оның басым себебінің бірі отбасында онкологиялық аурудың жиі кездесетіндігі анықталды. Профилактикалық шаралардың мүмкіндіктері туралы білімнің жоқтығы, онколог-дәрігердің науқасы болу алдындағы қорқыныш, берілген жағдайда өз-өзін сақтандыру әрекетінен басымдық танытты.

Әлеуметтік сауалнама қорытындылары

Тұрғындардың медико-генетикалық көмекті ұйымдастыру саласындағы білім деңгейлерін бағалау және көзқарасын зерттеу мақсатымен біз сауалнама-интервью құрастырдық. Респонденттер ретінде жастық, жыныстық, кәсіптік және әлеуметтік құрамы бойынша әртүрлі популяциялық топтар алынды. Жалпы сауалнамаға 220 адам қатысты. Медико-генетикалық көмек са-

ласындағы білімнің қажет екендігі туралы жауап берушілердің $-83 \pm 2,8\%$ өз көзқарастарын білдірді.

Қалыпты дені сау отбасы құру үшін некеге тұрар алдында болашақ жұбайының тұқымқуалаушылық мәліметтерін білу қажет деп $68 \pm 4,5\%$ респондент жауап берді. Керісінше өзінің генетикалық мәселелері туралы болашақ жұбайын ақпараттандыру $60-63 \pm 3,5\%$ құрады. Күрделі тұқым қуалайтын ауруы бар сәбидің келешектегі өмірі туралы сұраққа респонденттердің $41 \pm 3,0\%$ мұндай баланы тәрбиеге алу керек деп санайды, ал $34 \pm 3,9\%$ баладан бас тарту керек деп есептейді.

Сауалнаманың басты сұрақтарының бірі егер отбасында күрделі патология болған жағдайда өзінің нақты диагнозын білгіміз келеді деп респонденттердің $75 \pm 4,8\%$ санайды, себебі бұл жағдайды білу өмір сапасын сақтап қалу үшін қажетті өзін-өзі сақтандыру шараларын жүргізуге мүмкіндік береді.

Сауалнаманың алғашқы сұрағы «Генетика бойынша сізге білім қажет пе?» (5-сурет). бұл сұраққа «иә, қажет» деп орташа есеппен респонденттердің $85 \pm 2,5\%$ жауап берді.

Сауалнаманың қорытындылары көрсеткендей, өзінің денсаулығына деген қызығушылық курс өскен сайын жоғарылайтыны байқалды. Егер 1 курстарда «иә» жауабы $75 \pm 4,9\%$ жағдайды құраса, ал 4-5 курстарда $90 \pm 4,8\%$ құрады. Жоғары курс студенттерінің мұндай жауаптары оқу барысында алынған профилактиканың рөлі, оның артықшылықтары туралы білімдерінің тереңдегенімен түсіндірілуі мүмкін.

Сауалнама көрсеткендей, студенттер отбасындағы кең таралған ауруларды білгісі келеді $85 \pm 2,3\%$, ал онкологиялық патология туралы $75 \pm 3,7\%$ респондент білгісі келеді. Аталмыш факт онкологиялық аурулардың


профилактикасы жөнінде мағлұматтың аздығын көрсетеді. Мысалы, өлім себептерінің ішінде жүрек-қан тамыр аурулары бірінші орында тұрғандықтан, тұрғындар арасында бұл патологияның жиі кездесуі және ауру ағымының ұзақтығы науқастарға бұл ауруға байыпты қарауымен түсіндіріледі. Ал қатерлі ісіктердің салыстырмалы түрде ағымының жылдамдығы, жиі өлім себептерінің кездесуі, сонымен қатар жалпыға ортақ қатерлі ісік емделмейді деген көзқарас тұрғындарды үрейлендіретін факт болып табылады.

Отбасындағы дамуы мүмкін генетикалық ауруларға деген студенттердің көзқарасын келесі сұрақтарға жауаптардан көруге болады:


«Некеге тұрар алдында болашақ жарыңыздың тұқымқуалайтын мәселелеріне қызығушылық танытасыз ба?» және кері сұрақ «Сіз болашақ жарыңызға өзіңіздің генетикалық мәселелеріңіз туралы айтасыз ба?». Сұрақтар бір-біріне ұқсаса да оған жауаптар бір-бірінен ерекшеленді. Егер жарының тұқымқуалайтын мәселелерін білгіміз келеді деп $80 \pm 2,8\%$ жауап берсе, ал өзінің генетикалық мәселелері туралы тек $65 \pm 3,2\%$ айтамыз деп жауап берді (7-сурет).

Осылайша, біздің сауалнама күрделі өмірлік жағдайларды адамның өзіне және отбасына болу мүмкіндігіне жобалауды көрсетті. Бір жағынан келесі мәліметтерді алдық:

- Біріншіден, студенттердің дені сау отбасы құру үшін қажетті ақпаратты білу және келешекте қолдануға деген қызығушылық;
- Екіншіден, кейбір сұрақтарға жауаптар жауап берушілердің популяцияда кең таралған аурулардың, соның ішінде онкологиялық патологияның алдын алу мүмкіндігі туралы ақпараттандудың төмендігін



Сурет 3. Жеке онкологиялық нозологиялар бойынша Семей қаласының жалпы сырқаттанушылығы



Сурет 4. Науқастардың туыстарындағы онкологиялық аурулардың кездесуі

көрсетеді;

- Үшіншіден, студенттердің отбасындағы мүмкін болатын күрделі жағдайларға көзқарасын және оларды шешу жолдарын бағаладық.

Аталмыш сауалнаманың ерекшелігі қатысқан студенттердің екі жақты тұрғыдан көзқарастарын білдіруінде, біріншіден, жеке аурулары, мәселелері, өмірлік тәжірибесі бар қарапайым адамдар ретінде, екіншіден, өзіндік кәсіптік білімдері, көзқарастары бар қалыптасып келе жатқан дәрігерлер ретінде.

Алынған нәтижелерді талқылау. Қатерлі іскпен сырқаттанушылық, күмәнсіз, қазіргі денсаулық сақтаудың аса үлкен мәселесі болып табылады. Жалпы алғанда, қазіргі таңда қолданылып отырған қатерлі ісікті анықтайтын диагностика және емдеу әдістері бұл аурулардан өлім көрсеткіштерін және мүгедектіктің жалпы деңгейін төмендетпей отыр.


Абсолютті және салыстырмалы көрсеткіштерде,

тұрғындардың тұрғылықты мекенжайына байланысыз, жас және нозологиялық құрылымның сақталуы қатерлі ісіктер жағдайларының өсуі, онкологиялық патологияны емдеудің және алдын алудың жаңа жолдары мен мүмкіндіктерін іздеуді мәжбүрлетіп отыр.

Қатерлі ісіктің асқину жағдайларының жоғары көрсеткіштері, аталмыш аурулар түрін кеш анықтау, тұрғындардың осы мамандандырылған көмекке төменгі дәрежеде жүгінуі, ең алдымен тұрғындардың өз денсаулығына енжар тұрғыда қарайтындығын, диагностиканың толық деңгейде болмауы, әсіресе ауылдық елді-мекендерде екендігін көрсетеді.

Осының барлығы, сонымен қатар қатерлі онкологиялық үрдістің өте жылдам дамуы, әсіресе патологияның осы түрінен өлім көрсеткіштерінің жоғарылауы қазіргі денсаулық сақтаудың күрделі мәселесіне айналдырып отыр [1].

Көптеген онкогенетикалық синдромдардың не-



Сурет 5. «Медициналық генетика бойынша білім сізге қажет пе?» сұрағына жауап нәтижелері

гізінде ісіктің пайда болуының жоғары қауіп-қатері олардың популяциядағы төмен жиілігіне қарамастан, онкологтардың назарын аудартып отыр. Генетикалық детерминирленген ісіктер отбасыларда жинақталатындығы маңызды, бұл жағдай жоғары онкологиялық қауіп-қатердегі адамдарды анықтауды, диспансеризациялауды жеңілдетеді, осыған сәйкес қатерлі ісіктердің ерте анықталуын қамтамасыз етеді.

Біздің жүргізген зерттеуіміз генетикалық детерминирленген қатерлі ісіктердің таралуын кешенді бағалау бойынша жұмыстардың жалғасы болып табылады. Осы сияқты зерттеулер біздің елімізде, басқа елдермен салыстырғанда таяуда ғана пайда болды, және ғылыми қызметтің осы бағыты әлі толық дамымаған.

Біздің жұмысымызда аймақтық деңгейде онкологиялық науқастар және олардың отбасы мүшелерінің арасында медико-генетикалық іс-шараларға қажеттілік анықталды. Генетикалық экспресс-сауалнама нәтижелері барлық қатерлі ісіктердің 5 % тұқым қуалайтындығын анықтады [2].

Консультативті медико-генетикалық кабинеттердің міндеттеріне келесілер кіретін болады [3]:


1. Науқастың отбасын клинико-генеалогиялық қараудан өткізу, науқастың туыстарында ауруды және ауруалды жағдайларды ерте диагностикалау;
2. Отбасы мүшелерінде аурудың даму мүмкіндігін анықтау («денсаулық болжамы»);
3. Проспективті кеңес беру, профилактикалық қарауларға, тұрғындардың селективті скринингі бағдарламаларына қатысу арқылы ауруға шалдығу мүмкіндігі жоғары («қауіп-қатер тобы») адамдарды анықтау;

4. «Қауіп-қатер топтарын» диспансеризациялау, тұрғындар арасында медико-генетикалық білімдерді насихаттау (біріншілік профилактика, қауіп-қатер топтарындағы профилактика, пренаталды диагностика көмегімен екіншілік профилактика, инвазивті және инвазивті емес әдістерді қолдану және жаңа туылғандарға арналған скринингтік бағдарламалар).

5. Негізгі мультифакторлық аурулардың құрылымын зерттеу, қоршаған ортаның белгілі бір факторларына тұқым қуалаумен шартталған сезімталдықтың маркерлерінің популяциялық жиілігін анықтау.

Онкологиялық ауруларға тұқымқуалаушылыққа бейім науқастарға көмекті ұйымдастыруда аталмыш науқастардың регистрін құру маңызды сәттердің бірі болып табылады. Генетикалық регистр медико-генетикалық қызметтің барлық аспектілерінің қосылуы болып табылады: клиникалық, эпидемиологиялық, профилактикалық, статистикалық, әдістемелік және ұйымдастырушылық, әкімшілдік. Тұқым қуалайтын патологиялардың генетикалық регистрі болған жағдайда аурудың айқын емес белгілері бар отбасы мүшелері уақтылы анықталып, оларға сәйкес көмек көрсетіледі.

Бұл шаралардың барлығы осы бағыттағы профилактикалық жұмыстардың ажырамас бөлігі болып табылады. Қазіргі таңдағы медициналық мекемелердің жұмысында тұрғындарды диспансеризациялау және профилактика сұрақтары қайта қарауды талап етеді. Қайта құруда созылмалы мүгедектікке әкелетін аурулардың индивидуалды және отбасылық профилактика жүйесін құру мақсатымен бақылаудың отбасылық фор-



Сурет 7. «Некеге тұрар алдында болашақ жарыңыздың тұқым қуалайтын мәселелеріне қызығушылық танытасыз ба?» және «Сіз болашақ жарыңызға өзіңіздің генетикалық мәселелеріңіз туралы айтасыз ба?» сұрақтарына жауап нәтижелері.

маларына аса жоғары мән берілуі қажет.

Біздің жүргізген зерттеуіміз онкологияның медико-генетикалық қызмет мүмкіндіктерін толық пайдаланбауы тек өзара байланыстың жоқтығымен емес, сонымен қатар жеке онкологиялық аурулардың тұқымқуалайтын табиғаты туралы дәрігерлердің білімдерінің төмен деңгейі, отбасылық жинақталу жағдайындағы қатерлі ісіктердің дамуындағы нақты заңдылықтарды анықтауда қарапайым генеалогиялық әдістерді минималды қолдана білмеуі болып табылады.

Осыған байланысты біз кадрларды дайындауда дәрігерлердің квалификациясын жоғарылату курстарында сәйкес оқу циклының енгізуді ұсындық.

«Қатерлі ісік отбасыларының» скринингі және оларға медико-генетикалық кеңес беру бойынша жұмыс проспективті мәнге ие. Ісіктердің екіншілік профилактикасы – толық шынайы мақсат болып табылады, оған жету үшін науқастың туыстарынан скринингтен өткізу және қатерлі ісікке жоғары қауіпі бар адамдарды белсенді динамикалық диспансеризациялау қажет.

Отбасылық анамнезге негізделген скрининг-бағдарламасы басқа скрининг бағдарламаларынан бірнеше есеге тиімді болып келеді. Синдромның клиникалық белгілері мен отбасылық анамнез жеткіліксіз болғанда, ген тасымалдаушысын идентификациялау үшін ДНҚ-диагностика сияқты күрделі әдістерді пайдалануға болады.

Әзірше қатерлі ісіктердің тұқымқуалайтын түрлерін генетикалық профилактика жүйесінің ұйымдастыру мен қызметін жүзеге асыруда бұл жалғыз әдіс-тәсіл болып отыр. Өз кезегінде онкологиядағы мамандандырылған медико-генетикалық кеңес берудің

негізгі міндеттерін 3 кезеңге бөлуге болады:

- Генетикалық скрининг (онкологиялық тұқымқуалаушылыққа бейім отбасыларды анықтау және тіркеу);
- Генетикалық кеңес беру – науқас туыстарына (денсаулық болжамы) және оның болашақ балаларына (ұрпақ болжамы) арналған қатерлі ісіктің дамуы қауіп-қатерін анықтау;
- Жоғары генетикалық қауіп-қатер контингентіне жатқызылған адамдардың денсаулығына клиника-генетикалық мониторинг жүргізу [4].

Қорытынды. Кешенді социологиялық зерттеу нәтижесінде зерттеудің жалпы таңдамасында тұқым қуалайтын қатерлі ісіктердің кездесу жиілігі онкологиялық науқастар және шартты дені сау адамдар арасында 10%-ды құрады.

Социологиялық әдіс онкологиялық науқастарға медико-генетикалық көмекті ұйымдастырудың негізіне келесі әдіс-тәсілдерді анықтауға мүмкіндік берді: жүргізілетін зерттеулердің толықтай еріктілігі, құпиялылық, аталған көмек түрінің қолжетімділігі. Респонденттердің 75%-дан астамы егер отбасында күрделі патология, соның ішінде онкологиялық патология болатын болса аталмыш тексерістер мен диагностикадан өтуге келісімін берді.

Онкологиялық және медико-генетикалық қызметтердің өзара әрекеттестігі қатерлі ісікке тұқымқуалаушылыққа бейім отбасыларды диспансеризациялаудың үздіксіз, сабақтастықты, кезеңді, кешенді жүйесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Келіп түсті: 28.03.2018.

Баспаға қабылданды: 06.06.2018.

Әдебиеттер тізімі:

1. Дурнев А.Д., Жанатаев А.К., Шредер О.В., Середина В.С. «Генотоксические поражения и болезни», Молекулярная медицина 2013;3:3-19.
2. Егоренков В.В., Моисеенко Ф.В. «Скрининг рака толстой кишки», Практическая онкология 2010;11(2):81-87.
3. Имянитов Е.Н. «Скрининг для лиц с наследственной предрасположенностью к раку», Практическая онкология 2010;11(2):102-109.
4. Любченко Л.Н., Батенова Е.И. «Медико-генетическое консультирование и ДНК-диагностика при наследственной предрасположенности к раку молочной железы и раку яичников», Пособие для врачей, с.5-32.
5. Цуканов А.С., Шубин В.П., Поспехова Н.И., Сачков И.Ю., Кашников В.Н., Шельгин Ю.А. «Наследственные раки желудочно-кишечного тракта», Практическая онкология 2014;15(3):126-133.
6. ҚР онкологиялық көмекті дамыту бағдарламасы adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000366
7. Bauer C.M., Ray A.M., Halstead-Nussloch B.A., et al.: Hereditary prostate cancer as a feature of Lynch syndrome. *Fam Cancer*. 2011;10(1):37-42.
8. Lynch H.T., Snyder C., Lynch J. Hereditary breast

Spisok literatury:

1. Durnev A.D., Zhanatayev A.K., Shreder O.V., Seredenina V.S. «Genotoksicheskiye porazheniya i bolezni», *Molekulyarnaya meditsina*, 2013;3:3-19.
2. Yegorenkov V.V., Moiseyenko F.V. «Skrining raka tolstoy kishki», *Prakticheskaya onkologiya* 2010;11(2):81-87.
3. Imyanitov Ye.N. «Skrining dlya lits s nasledstvennoy predraspolozhennost'yu k raku», *Prakticheskaya onkologiya*, 2010;11(2):102-109.
4. Lyubchenko L.N., Batenova Ye.I. «Mediko-geneticheskoye konsul'tirovaniye i DNK-diagnostika pri nasledstvennoy predraspolozhennosti k raku molochnoy zhelezy i raku yaichnikov», *Posobiye dlya vrachey*, s.5-32.
5. Tsukanov A.S., Shubin V.P., Pospekhova N.I., Sachkov I.YU., Kashnikov V.N., Shelygin YU.A. «Nasledstvennyye raki zheludochno-kishechnogo trakta», *Prakticheskaya onkologiya*, 2014;15(3):126-133.
6. ҚР онкологиялық көмекті дамыту бағдарламасы adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000366
7. Bauer C.M., Ray A.M., Halstead-Nussloch B.A., et al.: Hereditary prostate cancer as a feature of Lynch syndrome. *Fam Cancer*. 2011;10(1):37-42.

- cancer: practical pursuit for clinical translation. *Ann Surg Oncol.* 2012;19(6):1723-31.
9. Lalwani N., Prasad S.R., Vikram R. et al. Histologic, molecular, and cytogenetic features of ovarian cancers: implications for diagnosis and treatment. *Radiographics* 2011;31(3):625-46.
10. Long K.C., Kauff N.D. Hereditary ovarian cancer: recent molecular insights and their impact on screening strategies. *Curr Opin Oncol.* 2011;23(5):526-30.
11. National Comprehensive Cancer Network. Clinical practice guidelines in oncology genetic /familal high-risk assessment: breast and ovarian. Version 1. 2012. http://www.nccn.org/professionals/physician_gls/f_guidelines.asp.
12. http://www.nccn.org/professionals/physician_gls/f_guidelines.asp.
8. Lynch H.T., Snyder C., Lynch J. Hereditary breast cancer: practical pursuit for clinical translation. *Ann Surg Oncol.* 2012;19(6):1723-31.
9. Lalwani N., Prasad S.R., Vikram R. et al. Histologic, molecular, and cytogenetic features of ovarian cancers: implications for diagnosis and treatment. *Radiographics.* 2011;31(3):625-46.
10. Long K.C., Kauff N.D. Hereditary ovarian cancer: recent molecular insights and their impact on screening strategies. *Curr Opin Oncol.* 2011;23(5):526-30.
11. National Comprehensive Cancer Network. Clinical practice guidelines in oncology genetic /familal high-risk assessment: breast and ovarian. Version 1. 2012. http://www.nccn.org/professionals/physician_gls/f_guidelines.asp.
12. http://www.nccn.org/professionals/physician_gls/f_guidelines.asp.

УДК 616.12-008.331.1:613.1
МРНТИ 76.29.30

РИСК ОСЛОЖНЕНИЙ АРТЕРИАЛЬНОЙ ГИПЕРТЕНЗИИ В УСЛОВИЯХ ЖАРЫ

А.Ж. АЖМУХАНБЕТОВА^{1*}, М.С. БАЯДИЛОВ^{2,3}, С.К. ОЛЖАТАЕВ^{2,3},
Ж.Ж. ДЖАКИПБЕКОВА¹, Г.О. ДОЛАНОВА¹, Г.У. ЖОЛДЫБАЕВА¹, Г.С. САДЫКОВА¹

¹Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави, Туркестан, Казахстан

²Шымкентский медицинский институт, Шымкент, Казахстан

³Областная клиническая больница, Шымкент, Казахстан

Риск осложнений артериальной гипертензии в условиях жары

А.Ж. Ажмуханбетова^{1*}, М.С. Баядилов², С.К. Олжатаев², Ж.Ж. Джакипбекова¹, Г.О. Доланова¹, Г.У. Жолдыбаева¹, Г.С. Садыкова¹

¹Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави, Туркестан, Казахстан

Шымкентский медицинский институт, Шымкент, Казахстан

Областная клиническая больница, Шымкент, Казахстан

Статья посвящена изучению воздействия климатических факторов на повышение артериального давления (АД) в условиях резкого повышения температуры воздуха. Проведенный рядом авторов анализ показал влияние температурных перепадов и атмосферного давления на повышение АД. Основным фактором риска смерти в условиях жары является пожилой возраст.

Медицина саласының маманы өзінің бүкіл ғұмырын басқа адамдардың дертіне дауа іздеп, қиналғанда демеу беріп, емдеуге арнайды. Қай тұрғыдан алсақ та, «Дәрігер мамандығы – ең беделді де, сыйлы мамандық». Ол адамнан өз мүддесін ұмытуды, жан дүниесінің кіршіксіз тазалығын, мақсат-ниетінің пәктігін талап етеді, – деп орыс ғалымы А.П.Чехов айтып кеткен [18, 22]. Бүгінгі күні дәрігер мамандығын

алған мамандардың атқарар жүгі де, жауапкершілігі де орасан. Осы тұста шынайы дәрігер тұлғасы, оның азаматтық болмыс-бітімі де басқа мамандықтардан ерекшеленетіні сөзсіз. Болашақ дәрігер өз ісінің шебері, өз жұмысына жауапкершілікті, өзіне тапсырылған міндетке мұқият болуы керек деген жауапкершілік сол маманның тікелей қасиеті болса, оған қосымша қоғамдық пәндер дәрігер мамандық басқа қырынан тәрбиелейтіні анық. Қоғамдық пәндердің негізгі мақсаты – әрқашан да жастардың қоғамдық санасын, жалпы дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыра отырып тәрбиелеу мен оқыту болып табылады. Әрбір жоғарғы оқу орнын бітірген маман ғылыми көзқараста, кең түрде ойлай алатын, өмірлік проблемаларды философиялық түрде түсініп, қоғамдық дамудың заңдылықтарын шеше алатындай қабілетті болу керек. Соның ішінде медицина саласына келген әрбір студентке аса қажетті пәндердің бірі – философия.

Адам өзін өзі тануға талаптанбаса, оның қолынан өзге адамдарды танып түсіну келмейді, демек бұл жан оларға көмектесе де алмайды. Студент тұлғасының өзін өзі тануы білім беру жүйесінде жетекші мақсаттардың біріне айналуы керек. Студенттің «Менін» позитивтік өзгерту – қазіргі таңда философия ғылымына деген гуманистік көзқарастың бірден-бір маңызды саласы, оқыту мен тәрбиелеу ісіне қатысы бар әр адамның өзін өзі адамгершілік тұрғыда дамытуын қамтамасыз ететін басты құралы. Медицина маманының өзін өзі дамыту қағидаларын меңгеруі қажет, әйтпесе ол өзгелерге бұл процесте қажетті көмек бере алмайды. Ал қажетті жағдайда дұрыс шешім қабылдау үшін әр маман боламын деген студентке қажетті жағдайда адамгершілік, рухани, адами қабілеттерін философия ғылымы нақты әрі жан-жақты оқыта отырып қалыптастыра алатыны сөзсіз.

Ұлы Абай «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта бар қалан», - деп, әр адамның таңдаған жолында белгілі бір дара ұстанымы, өзінің жеке таңдаулары мен қоғамда өз орнын таба білу қасиетінің болуы шарт екенін атап көрсетеді. Медицина мамандығы – қай дәуірде де қоғамның жоғары сұранысына ие салаларының бірі. Абайдың пікірі бойынша адамгершілік нормалары мен принциптерін күнделікті өмір сүру тәсіліне айналдырған адамды ғана нағыз адам деп есептеуге болады. Менің пікірімше, әрбір мамандық иесі осы қағиданы есте ұстау тиіс. Сондықтан: «адам болам десеңіз, оған қайғы жесеңіз...Бес нәрседен қашық бол (Бес дұшпан – өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ), Бес нәрсеге асық бол (Бес асыл іс – талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым)». Абай: «Күллі адам баласын қорқылатын үш нәрсе бар, сонан қашпақ керек дейді. Әу-

елі надандық, екінші еріншектік, үшіншісі зұлымдық. Үш нәрсе адамның жақсы қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Бұл жерде Абай «адам болу» қағидасын ұсынады. Бекер даурығып, өтірік айтып, жалқау болудың орнына өнер-білімнің арқасында өзінің орнындай тап дейді. Адам өміріне мән беретін, негізгі нәрсе өзінің бойындағы адамшылдықты жоймау. Бүкіл өмір бойында адамға лайықты өмір сүру. Бұл дүниеге адам болып келген соң, адам болып кету керек. Қандай жағдай болмасын, адамдық қасиетті жоғалтып алмау, адамның басқа адамдар алдындағы жауапкершілігі. Ол адам тарапынан ерік-жігерді, қайратты қажет етеді [19,384]. Адам неғұрлым талантты, дарынды болған сайын, ол өзінің еңбегін, шығармашылығын, тапқырлығын үстей береді, сөйтіп оның еңбегі нәтижелі еңбек болады.

«Басы ауырып, балтыры сыздаған» кез келген адамға қол ұшын бере алатын, көмек қолын соза алатын құдірет иесі біреу-ақ, ол – дәрігер. Ағзасын ауру мендеген науқас адамға ерекше көңіл бөлу, рухани дем беру, дертіне шипа, жанына жылу сыйлау – әрбір дәрігердің парызы. Ежелгі грек философы Сократ: «Жанды емдемей, тәнді емдей алмайсың» деген. Бүгінгі таңда диплом алған маман атағын алған жандар баршылық, алайда өз ісіне шын берілген, ойы мен ісін шеберлікпен ұштай алатын нағыз мамандар саны азайып келе жатқаны да жасырын емес. Бұл – бірінші кезекте ойсыз, тәжірибесіз, ал ең бастысы адамгершілік-этикалық нормаларсыз алған білімнің кесірі екені анық.

Қазіргі жаһандану дәуірінде еліміздің экономикасын, экологиясын, энергетикасын т.б. салаларын дамыту жолында да көптеген мамандар еңбек етуде. Соның ішінде қазіргі таңда ерекше жауапкершілікті талап ететін, адам өмірінің арасышысы болып есептелетін дәрігер мамандарын даярлаудағы білім үрдісінде, жаңа әдістерді қолданудың өзектілігі күн санап артып келеді. Сонымен қатар, дәрігердің кәсіби қызметінде білім мен тәжірибе оның өз бойындағы парасаттылықпен, ішкі мәдениетпен (әдептілікпен) гармониялық үйлесім тапқанда ғана зор табысқа жетеді. Адам танымы – шексіз, алайда, оны дұрыс бағытта қалыптау, оған философиялық сипаттағы аксиологиялық мән берудің орны, оның ішінде болашақ дәрігерлерді даярлауда ерекше маңызды. Сондықтан бұл тұрғыдан ала отырып, философия пәнінің және онымен байланысты, қазіргі күні жоғарғы білім беру бағдарламасынан алынып тастағалы жатқан өзге де қоғамдық-гуманитарлық пәндердің орны ерекше екенін ұмытпағанымыз жөн.

Келіп түсті: 09.04.2018.

Баспаға қабылданды: 17.05.2018.

Әдебиеттер тізімі:

1. Шишков И.З. История и философия науки: Учебное пособие. Изд. 2-е, перераб. и расш. М.: Ленанд, 2018;64.
2. Батурин В.К. Философия науки: учебное пособие. М.: ЮНИТИ–ДАНА 2012;303.
3. Володин Н.Н., Шухов В.С. Медицинское образование на рубеже веков. Лечащий врач 2000;68.
4. Гагаев А.А. Философия здравого смысла: Критика оснований разума. Книга 2-2.
5. Гранин Ю.Д. История науки в зеркале философии. Высшее образование в России. 2012;1:156-159.
6. Кондратьев В.П. Философия и медицина: учеб. пособие. Тула: Изд-во ТГУ, 2002;218.
7. Лебедев С.А. Философия науки: Общие проблемы. М.: МГУ, 2012;336.
8. Лебедев С.А. Философия науки. 2-е изд., пер. и доп. Учебное пособие для магистров, М., 2015;205.
9. Нерсесянц В. С. Философия права: учебник. М.: Инфра М, 2013;835.
10. Осипов А.И. Философия и методология науки: учебное пособие. Минск: Белорусская наука 2013;285.
11. Подорога В. О чём спрашивают, когда спрашивают, что такое философия? Топос. Философско-культурологический журнал 2012;1:27-35.
12. Гагаев А.А., Гагаев П.А. Здравый смысл как основание науки. М.: 2015;185.
13. Спиркин А.Г. Философия. М.: Юрайт, 2015;568.
14. Топос. Философско-культурологический журнал 2012;1:191.
15. А.Құнанбаев: шығармалары. Қазақ Ағартушылық философиясы. 10 том. Астана 2007;280.
16. Апполонов А.В. и др. Философия: учебник. Москва: Проспект: Издательство Московского университета 2015;669.
17. Руденко А.М., Самыгин С.И., Положенкова Е.Ю. Философия: учебное пособие. М.: Инфра–М, 2013;302.
18. Бучило Н.Ф. и др. Философия: учебник. Москва: Проспект 2013;385.
19. Сычёва Л. Наш современник доктор Чехов. Литературная Россия 2010;22.
20. Абай Құнанбайұлы. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп...: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. Алматы: «Раритет» 2008;384.

Spisok literatury:

1. Shishkov I.Z. Istoriya i filosofiya nauki: Uchebnoye posobiye. Izd. 2-ye, pererab. i rassh. M.: Lenand, 2018;64.
2. Baturin V.K. Filosofiya nauki: uchebnoye posobiye. M.: YUNITI–DANA 2012;303.
3. Volodin N.N., Shukhov V.S. Meditsinskoye obrazovaniye na rubezhe vekov. Lechashchiy vrach 2000;68.
4. Gagayev A.A. Filosofiya zdravogo smysla: Kritika osnovaniy razuma. Kniga 2-2.
5. Granin YU.D. Istoriya nauki v zerkale filosofii. Vyssheye obrazovaniye v Rossii. 2012;1:156-159.
6. Kondrat'yev V.P. Filosofiya i meditsina: ucheb. posobiye. Tula: Izd-vo TGU, 2002;218.
7. Lebedev S.A. Filosofiya nauki: Obshchiye problemy. M.: MGU, 2012;336.
8. Lebedev S.A. Filosofiya nauki. 2-ye izd., per. i dop. Uchebnoye posobiye dlya magistrrov, M., 2015;205.
9. Nersesyants V. S. Filosofiya prava: uchebnik. M.: Infra M, 2013;835.
10. Osipov A.I. Filosofiya i metodologiya nauki: uchebnoye posobiye. Minsk: Belorusskaya nauka 2013;285.
11. Podoroga V. O chom sprashivayut, kogda sprashivayut, chto takoye filosofiya? Topos. Filosofsko-kul'turologicheskiy zhurnal 2012;1:27-35.
12. Gagayev A.A., Gagayev P.A. Zdravyy smysl kak osnovaniye nauki. M.: 2015;185.
13. Spirkin A.G. Filosofiya. M.: Yurayt, 2015;568.
14. Topos. Filosofsko-kul'turologicheskiy zhurnal 2012;1:191.
15. A.Qunanbaev: shıǵarmaları. Qazaq Aǵartwshılıq filosofiyası. 10 tom. Astana 2007;280.
16. Appolonov A.V. i dr. Filosofiya: uchebnik. Moskva: Prospekt: Izdatel'stvo Moskovskogo universiteta 2015;669.
17. Rudenko A.M., Samygin S.I., Polozhenkova Ye.YU. Filosofiya: uchebnoye posobiye. M.: Infra–M, 2013;302.
18. Buchilo N.F. i dr. Filosofiya: uchebnik. Moskva: Prospekt 2013;385.
19. Sychova L. Nash sovremennik doktor Chekhov. Literaturnaya Rossiya 2010;22.
20. Abay Qunanbayuli. Ökinişti köp ömir ketken ötip...: Öleñder, poémalar, qara sözder. Almatı: «Raritet» 2008;384.

ӘОЖ 37.035.6(574.1)

МРНТИ 02.51.45

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Б.А. МОЛДИН

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті,

Ақтөбе, Қазақстан

Жаңа қазақстандық патриотизм қалыптастыру мәселелері

Б.А. Молдин

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Өзектілігі. Жаһандық даму процесінде қоғамның барлық салалары өзгеріп жаңаша сипатқа еніп жатқан кезеңде, адамның құндылықтарымен бірге оның қажеттіліктері де, талаптар да өзгереді. Осы тұста мемлекет те азаматтарына оның ішінде жастарға жаңа талаптарға қарай әлеуметтену мәселесін қойып отыр. Сондықтан жаңа қазақстандық патриотизм қалыптастыру мәселесі – өте өзекті тақырыптардың бірі.

Зерттеудің мақсаты. Жаңа қазақстандық патриотизм қалыптастыру теориялары мен маңызын оның қиындықтарын анықтау.

Зерттеудің әдістері мен деректері. Отандық және әлемдік ғалымдардың ғылыми әдебиеттерін, мемлекетте қабылданған заңдарды және жастар саясаты туралы бағдарламалар мен статистикалық мәліметтерге сүйене отырып талдау жасау.

Қорытынды мен талқылаулар. Жаңа қазақстандық патриотизм қалыптастырудың жолдары мен қиындықтары, жастар саясаты туралы заңдар мен бағдарламалардағы жастардың дамуына берілген мүмкіндіктер оның ішінде саяси, экономикалық, құқықтық, мәдени, әлеуметтік мәселелер анықталды.

Негізгі сөздер: реформа, жастар, стратегия, патриотизм, модернизация, институт, инновация.

Вопросы формирования нового казахстанского патриотизма

Б.А. Молдин

Западно-Казахстанский государственный медицинский университет имени Марата Оспанова, Актөбе, Казахстан

Новый казахстанский патриотизм - это достижение многонационального и поликонфессионального общества. Статья содержит три части: в первом разделе дается определение понятия «патриотизм», во втором - трудности, которые встречаются в ходе патриотического воспитания, в третьем разделе – формирование казахстанского патриотизма и пути решения трудностей.

В данной работе раскрывается значение молодежной политики как составной части государственной политики, в том числе теории формирования нового казахстанского патриотизма. Рассмотрены приемлемые формы повышения политической активности молодежи, создание условий социально-экономического развития, их активное участие в общественно-политической жизни государства, государственные реформы молодежной политики Республики Казахстан.

Ключевые слова: реформа, молодежь, стратегия, патриотизм, модернизация, институт, инновация.

Issues of formation of new Kazakhstan patriotism

B.A. Moldin

West Kazakhstan Marat Ospanov State Medical University, Aktobe, Kazakhstan

The article is divided into three parts: the first section provides a definition of patriotism; in the second there are the difficulties of the patriotic education; in the third kazakh patriotism generation and the ways of difficult decisions are described. This article shows the importance of youth policy as an integral part of public policy, including the theory of formation of new Kazakhstani patriotism. Increasing political activity of youth, creating conditions of socio - economic development, and their active participation in the socio - political life of the state, the state of reform of the youth policy of Kazakhstan are considered.

Keywords: reform, youth, strategy, patriotism, modernization, institute, innovation.

Жаһандық даму процесінде қоғамның барлық салалары өзгеріп жаңаша сипатқа еніп жатқан кезеңде, адамның қажеттіліктерімен бірге оның құндылықтары да, талаптар да өзгереді. Осы тұста мемлекетте азаматтарына оның ішінде жастарға жаңа талаптарға қарай әлеуметтену мәселесін қойып отыр. Міне осы үрдіс қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі жаңа қазақстандық патриотизмнің үлгісі оны қалыптастыру жолдары мен қиындықтары қандай деген сұрақтарға жауап іздейді.

Қазақстан Республикасының Президенті «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласының басымдық бағыттарында қоғамды рухани жаңғырту арқылы халықтық бірегейлік қалыптастыруды нақты көрсеткен. Оның ішінде білімнің салтанат құруы, ұлттық бірегейлікті сақтау, сананың ашықтығы, бәсекеге қабілеттілік, прагматизм мәселелері жас буын, мемлекеттің болашағы жастарды тәрбиелеуде аса маңызды екені анық. Қазақстан халықтарының демографиялық

Молдин Б.А. – саясат ғылымдарының магистрі, Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, e-mail: Poliglot_kz@mail.ru

құрылымы негізінен жастар республиканың әрбір екінші тұрғыны отыз жасқа толмаған азаматтар екенін ескерсек, Қазақстанның да болашағы ел жастарының даму деңгейімен, олардың қоғамда ықпалдасуымен байланысты. Қоғамның негізгі тірегі қозғаушы күші саяси, экономикалық, әлеуметтік реформаларды жетілдіруде қоғам құрылымдарын модернизациялауды жүзеге асыратын да – жастар. Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа жолдауының жетінші бағытын: «Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғам табысының негізі» деп атады [1]. Жаңа қазақстандық патриотизм ұғымы жаңаша сипатқа ие болды, өйткені постиндустриалды қоғамның талаптары мен құндылықтары өзгерді. Бірақ қандай қоғам болмасын онда ұлттың мінез-құлық ерекшелігі, өмір сүру дәстүрі ескерілуі керек. ҚР Президенті «Патриот» болу – «Бұл Қазақстанды өз жүрегінде ұялату және оны басты құндылық деп санау» керек деген болатын [2]. Жас қазақстандықтар үшін Елбасының өмірі мен еңбек жолы – өз елінің патриоты болудың жарқын үлгісі болып табылады. Жаңа қазақстандық патриотизмнің басты құндылықтары жастарға арналған бағдарламаларда анықталған. Оның ішінде жастардың дәстүрлі құндылықтары білім мен мансап, білім беру жүйесінің еңбек нарығына айқын бейімделуді, анықталған қажеттіліктер мен технологиялық жаңалықтарды ескере отырып, білім беру мен кәсіптік даярлау жүйесінің экономикалық, әлеуметтік және кәсіпкерлік болмысқа сәйкес болуы талап етіледі. Жастар арасында ғылымның мәртебесін арттыру және оларды инновациялық жобаларды әзірлеуге қатыстыру – жастар саясатының негізгі бағыттарының бірі. Екінші бағыты жалпыға ортақ еңбек қоғамында жастардың аса маңызды негізгі құндылықтары жастарды экономикалық еңбек қызметіне тартуға негізделген еңбексүйгіштік пен ерекше еңбек этикасы болуы керек делінген. Қоғамды нақты айтқанда жастарды жоғарыда айтылған идеяларға бағыттау үшін жүйелі жұмыстар мен саяси – экономикалық, рухани тәрбиелеу қажет. Патриотизм өз жеріне, оның тарихына, мәдениетіне, онда тұратын халыққа, мерекелері мен күнделікті өміріне, мемлекеттік нышандарына деген айрықша тұлғалық қарым-қатынас қалыптастыру. Жастардың санасына патриотизм – өзің, отбасың және біздің Отанымыз үшін деген ұлы жауапкершілік екенін сіңіру ерекше маңызды.

Шығыстың көрнекті ойшылы Әл-Фараби көрсеткендей: «Тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы» [3]. Қазіргі уақытта жастарды тәрбиелеуде кездесетін негізгі мәселелер де жоқ емес. Олардың қатарына жастарға патриоттық тәрбие берудің басым бағыттарының бірі идеологиялық бағдарлардың өз деңгейінде насихатталмауы, өмірлік құндылықтардың шынайы патриоттық сезімдерді мойындамауға жетелейтін тар прагматикалық көзқарастармен

ауыстырылуы, халықтың кейбір бөлігінің еңбек етпей табылған молшылықты дәріптеуі, әділдікке сенбеушілік сезімдерінің туындауы, заңға мойын ұсынушылықтың төмен болуы, әлеуметтік институт ретінде отбасының тәрбиелік рөлінің әлсіреуі, бұқаралық ақпарат құралдары оның ішінде интернет материалдары, әлеуметтік желілердегі жеке тұлғаның қалыптасуына кері ықпал ететін ақпараттардың болуы деп есептейміз. Бұл біздің елімізде ғана емес әлемде болып жатқан мәселе, осы процестер жастар арасындағы белгісіздік жағдайлардың шиеленісуіне және халықтың кейбір бөліктері негізгі күшін өмір сүруге қажетті қарапайым амалдарды жасауға бағытталуы, дәстүр мен ұлттық мәдениеттің орнына теріс ағымдардың ішінара бой алу, білім алушыларда ақпараттардың көп болып оны талдай алмауына немесе азаматтардың рухани құндылықтарын тұтынушылық қызметтердің ауыстыруына әкеледі.

Сонымен қатар қазір елімізде төрт миллионға жуық жастар болса, оның 10%-ы – арнайы мамандығы жоқ және жұмыссыз. Дипломы бар бірақ жұмыс таба алмайтын немесе мамандығына сұраныс жоқ азаматтарымыз да бар. Әрине оған жастар кінәлі емес, бұл жерде жастарды әлеуметтік – экономикалық тұрғыдан қолдайтын ата-ана, мектеп және маман ретінде дайындайтын оқу орындарының жауапкершілігі. Қазіргі уақытта баланың тәрбиесіне ата-ана, баланың білімі мен тәртібіне мектеп, маманның жұмысқа орналасуы мен білім сапасына оқу орындары жауап беруі керек. (автор – Б.М).

2014 жылы осы мақсаттарды жүзеге асыруда «Қазақстан 2020: Болашаққа жол «Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы» дайындалды және 2015 жылы Парламенттің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңы қабылданды [4].

Реформаларды жүзеге асыруда барлық салалардың механизмдерін жетілдіру жұмыстары, жүзеге асырылып жатырғаны белгілі. Аталған заңдар мен реформалар жастардың әлеуметтік-экономикалық дамуына, сондай-ақ мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріне жас азаматтардың белсенді қатысуы үшін жағдай жасауға бағытталған мемлекеттік жастар саясатының тиімді үлгісін қалыптастыру мақсатында әзірленген. Бұл ретте құжатта мемлекеттік жастар саясатының басты міндеттері мен негізгі бағыттары айқындалып, осы бағыттағы орталық мемлекеттік органдардың құзыреттері бекітілген. Жалпы алғанда заңның, реформаның негізгі мақсаты жастардың табысты әлеуметтенуіне бағытталған тиімді мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру үшін заңнаманы жетілдіру, олардың әлеуетін ел дамуына жұмсау болып табылады. Бұдан бөлек, құжатта мемлекеттік жастар саясаты субъектілерінің жұмыс істеуіне құқықтық мүмкіндіктер беру, жастармен тиімді жұмыс істеудің тетіктерін қалыптастыру, жастардың құқықтарын кенейту нормалары

қамтылған. Тұтастай алғанда құжатта мемлекеттік жастар саясатының басты үш міндеті қамтылып отыр. Бірінші, жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, екінші жастарды елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық саяси өміріне белсенді араластыру, үшіншіден мемлекетшіл азаматтарды тәрбиелеу және қазақстандық патриотизмді нығайту мақсаттары қойылған.

Осы реформада көрсетілген мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттарында олардың ішінде қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту, денсаулық сақтау, салауатты өмір салтын қалыптастыру, жұмыспен қамту, жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту шараларын жүзеге асыру тапсырылған. Сонымен қатар жас отбасылар үшін қолжетімді тұрғын үй жүйесін дамыту, құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікке тәрбиелеу, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, талантты жастардың қабілетін дамытуға жәрдемдесу және бос уақыт пен мәдени демалыс үшін жағдай жасау мәселелері де көзделген. Бұл мемлекет тарапынан жастардың саяси, әлеуметтік дамуына жасалған қолдау.

Ал, жастардың міндеттері – реформаларды жүзеге асырып мемлекеттің дамуына үлес қосу, отанының патриоты болу. Мемлекеттің дамуымен ұзақ жылдарға бағытталған «Қазақстан - 2050» даму Стратегиясын жүзеге асыруда жастардың ролі жоғары екені белгілі. Жастар мемлекет тарапынан болатын қамқорлықтың объектісі ғана емес, жастар – қоғам өміріне қатысушы және оның даму сапасына, қарқынына ықпал ететін белсенді субъект. Жаңа қазақстандық патриотизм қалыптастыруда барлық институттардың ролі мен орны маңызды. Соның ішінде білім институттарының жауапкершілігі мен жүктемесі күрделі. ҚР Президентінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында атап көрсеткен қоғамдық ғылымдар философия, саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану пәндерінің ілімдері негізінде жастардың әлеуметтік-саяси білімдерін көтеру арқылы жаңа қазақстандық патриотизм қалыптастырудың ролі жоғары. Мысалы, саясаттану пәнінде саяси білімдерді бере отырып, саяси идеология, саяси мәдениет, саяси сана, саяси әлеуметтену, саяси модернизация, саяси конфликті, саяси дағдарыс ұғымдарын түсіндіру барысында еліміздің жаңару, даму жетістіктерін, саяси тұрақтылығын, экономикалық қуаттылығын аз уақыт ішінде қол жеткізген жетістіктері, даму потенциалының жоғары екені айтылады. Сонымен қатар «Қазақстан – 2050» даму Стратегиясының жеті бағыты, он сын қатар мен «Мәңгілік Ел» идеясының басты құндылықтары, «Ұлт жоспары: 5 институционалдық» реформасын жүзеге асырудағы жүз нақты қадамда көрсетілген маңызды салаларды түсіндіруде, талдай білуге үйретуде ерекше орын алады [5].

Қоғамды әсіресе жастарды саяси-әлеуметтік тұрғыдан дамыту мақсатында «Қазақстанның

әлеуметтік жаңғыруы: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам», «Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламалары» жастарға өздерін көрсетуге, айрықша мүмкіндік беру үшін жасалған. Жастардың іске жұмыла білуінің экономикалық құндылығы аса жоғары. Зерттеулерге сүйенсек, жастардың үштен бірі жұмыс үшін елдің кез келген өңіріне баруға әзір екендігі анықталған. Кадр жетіспейтін немесе жұмыс орны бар аймақтарға әлеуметтік бейімделуге мүмкіндіктер жасалған. Оған мысал ретінде «Серпін» бағдарламасын айтуға болады. Міне осындай бағдарламаларды тиімді пайдаланып, жастарға насихаттап жоғарыдағы мәселелерді реттеуге әбден болады. «Қазақстан 2050 даму Стратегиясында» көрсетілген экономикалық прагматизм оның ішінде инновациялық экономикаға өту, қазақстандық жастардың инновациялық мінез-құлқын қалыптастыру міндеттерінің өзекті екенін көрсетті.

Сондықтан барлық жаңаны айрықша қабылдағыш, заңдар мен реформаларға бейімделгіш, мол әлеуеті мен шығармашылық зияткерлік энергиясы бар және әлеуметтік белсенді қызметке дайын жастар тәжірибеге жаңа идеяларды енгізіп, өндірістерді модернизациялауда ролі зор. Мемлекетімізде осы жүктемелерді жастарға тапсыра отырып, ел дамуының айқын жолы ғылым мен білім арқылы, елдің дамуына үлес қосатын мемлекетшіл азаматтардың қалыптасуы маңызды. Немесе мемлекеттегі «Үш тілділік» саясат жүргізу бағдарламасы да негізінен жастарға басымдық береді, бұл мақсатта реформа әлемнің тілін біліп өзге елдерге кетіп, әлем азаматы болу емес, керісінше жан-жақты азамат болып қалыптасып, ғылым мен техниканың тілін меңгеріп, әлемнің озық тәжірибесін жинақтап елінің дамуына үлес қосып, қызмет ету керек дегенді көрсетеді.

Итальяндық ғалым Г. Моска «Элементы политической науки» еңбегінде, «Мемлекет ғылымға бет бұрса – меритократия, қаржы мен табысты бірінші орынға қойса технократтық ал идеология жоғалса діни, авантюристер мен ұлтшылдар қалыптасады» деп тұжырымдаған [6, 2156]. Президент Н.Ә. Назарбаев «меритократиялық» қағидаға сүйеніп мемлекет билігін қалыптастыруды тапсырған болатын. Бұл жүйені қалыптастыруда білімді, саяси белсенді мемлекетшіл патриоттардың қосатын үлесі зор болмақ. Меритократиялық қағида бойынша мемлекеттік және басқа да қызметтерге азаматтардың сатылап еңбек жолымен, білімі, дарыны, қабілетіне қарай көтерілуі тиіс [7]. Елінің патриоты, мемлекетшіл азаматтарды қалыптастыратын басты институт бұл отбасы, отбасы қоғам болмысының, мемлекеттің негізі, адалдық, адамгершілік және рухани үйлесім жүйесіндегі маңызды буын болып табылады. Отбасы қызметтері арқылы тұлға отанға, өзіне өз жақындары үшін әлеуметтік жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Өмірдің құндылығы, қауіпсіздігі және оны жалғастыру отбасымен тікелей байланысты болғандықтан, отбасы

жастар саясаты мәселелерінде негіз болуы қажет. Себебі, «Отбасы шағын мемлекет».

Қоғам – тірі организм, оның құрылымдары бір-біріне тәуелді, әрбір тұлға өзіне жүктелген тапсырмаларды жауапкершілікпен дұрыс атқарса өндірістің де сол арқылы мемлекеттің де дамуына өз деңгейінде үлес қосады [8].

Қорыта айтқанда, жаңа қазақстандық патриотизмнің негізгі қағидалары мемлекеттің тарихын, ұлттық құндылықтарды (тілін, тарихын, менталитетін, дәстүрін), мемлекеттің заңдарын, рәміз-

дерін білу мен қатар мемлекет алдындағы міндеттерді орындауды жатқызамыз. Антика дәуірінің ойшылы Платон «Идеялды мемлекет» құру теориясын тұжырымдаған, біздің пікіріміз идеялды мемлекет – өзің туып өсіп, білім алып, еңбек етіп өмір сүріп жатқан мемлекет. Елінің Патриоты болу өз ісінді жауапкершілікпен атқарып, міндеттерінді орындап, мемлекеттің дамуына үлесінді қосу.

Келіп түсті: 10.01.2018.

Баспаға қабылданды: 05.02.2018.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» Егемен Қазақстан, сәуір 2017 жыл.
2. ҚР Президентінің «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, Егемен Қазақстан, 14 желтоқсан 2012 жыл.
3. Тайжанов А.Т. «Батыс Қазақстан медицина журналы» 2015;45(1):16-20.
4. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы» Егемен Қазақстан 2014.
5. Тайжанов А.Т., Шәмші Б.И., Молдин Б.А. «Саясаттану». Ақтөбе 2015.
6. Балапанова Ә.С., Молдин Б.А. «Хабаршы» әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, серия 2010;2:23-27.
7. Шәмші Б.И. «Батыс Қазақстан медицина журналы» 2014;46(2):14-18.
8. Молдин Б.А. «Батыс Қазақстан медицина журналы» 2015;45(1):58-62.

Spisok literatury:

1. QR Prezidenti N.Ä.Nazarbaev «Bolaşaqqa bağdar: Rwxanı jañğırw» Egemen Qazaqstan, säwir 2017 jıl.
2. QR Prezidentiniñ «Qazaqstan - 2050» Strategiyası qalıptasqan memlekettiñ jaña sayası bağıtı» attı Qazaqstan xalqına Joldawı, Egemen Qazaqstan, 14 jeltoqsan 2012 jil.
3. Tayjanov A.T. «Batis Qazaqstan medicina jwrnalı» 2015;45(1):16-20.
4. «Qazaqstan Respwblıkası memlekettik jastar sayasatınıñ 2020 jılğa deyingi tujırmdaması» Egemen Qazaqstan 2014.
5. Tayjanov A.T., Şәмші B.İ., Moldin B.A. «Sayasattanw». Aqtöbe 2015.
6. Balapanova Ä.S., Moldin B.A. «Xabarşı» әl-Farabı atındağı Qazaq Ulttıq Wniversiteti, seriya 2010;2:23-27.
7. Şәмші B.İ. «Batis Qazaqstan medicina jwrnalı» 2014;46(2):14-18.
8. Moldin B.A. «Batis Qazaqstan medicina jwrnalı» 2015;45(1):58-62.

1. Искакова Н.С., Самарова У.С. Қатерлі ісікке тұқымқуалаушылыққа бейім отбасыларға скринингтік зерттеулерді ұйымдастыру. Батыс Қазақстан медицина журналы 2018;58(2):4-13.
Искакова Н.С., Самарова У.С. Организация скрининговых исследований для семей, склонных к наследственным онкологическим заболеваниям. Медицинский журнал Западного Казахстана 2018;58(2):4-13.
Iskakova N.S., Samarova U.S. Screening research for families with hereditary oncological diseases. Medical journal of West Kazakhstan 2018;58(2):4-13.
2. Әжмұханбетова А.Ж., Баяділов М.С., Олжатаев С.К., Жақыпбекова Ж.Ж., Доланова Г.О., Жолдыбаева Г.Ө., Садыкова Г.С. Ыстық ауа райы жағдайында артериалды гипертензияның асқыну қаупі. Батыс Қазақстан медицина журналы 2018;58(2):14-19.
Ажмуханбетова А.Ж., Баядилов М.С., Олжатаев С.К., Джакипбекова Ж.Ж., Доланова Г.О., Жолдыбаева Г.У., Садыкова Г.С. Риск осложнений артериальной гипертензии в условиях жары. Медицинский журнал Западного Казахстана 2018;58(2):14-19.
Azhmuhanbetova A.Zh., Bayadilov M.S., Olzhatayev S.K., Jakipbekova Zh.Zh., Dolanova G.O., Zholdybayeva G.U., Sadykova G.S. Risk of hypertension developing in hot weather. Medical journal of West Kazakhstan 2018;58(2):14-19.
3. Темірбаева Г.Д., Самарова У.С. Дәрігер мен пациенттің өзара қатынасы. Батыс Қазақстан медицина журналы 2018;58(2):20-25.
Темірбаева Г.Д., Самарова У.С. Взаимодействие врача и пациента: обзор литературы. Медицинский журнал Западного Казахстана 2018;58(2):20-25.
Temirbayeva G.D., Samarova U.S. Doctor-patient communication: review of the literature. Medical journal of West Kazakhstan 2018;58(2):20-25.
4. Najam ul Hasan, Adnan Shafique, Shah Murad, Khalid Niaz, Hina Aslam, Hamid Mahmood. Аллопатия және дәрілік шөптер. Батыс Қазақстан медицина журналы 2018;58(2):26-30.
Najam ul Hasan, Adnan Shafique, Shah Murad, Khalid Niaz, Hina Aslam, Hamid Mahmood. Аллопатия и лекарственные травы. Медицинский журнал Западного Казахстана 2018;58(2):26-30.
Najam ul Hasan, Adnan Shafique, Shah Murad, Khalid Niaz, Hina Aslam, Hamid Mahmood. Allopathy, plants and medicinal herbs. Medical journal of West Kazakhstan 2018;58(2):26-30.
5. Oscar Iván de la Rosa Lemus, José Luis Rodríguez Chávez, Eduardo Hernández Garduño, Hugo Mendieta Zerón. Босанғаннан кейінгі преэклампсиясы бар әйелдердің жіті бүйрек жетіспеушілігін бағалаудың үш формуласын салыстыру. Батыс Қазақстан медицина журналы 2018;58(2):31-37.
Oscar Iván de la Rosa Lemus, José Luis Rodríguez Chávez, Eduardo Hernández Garduño, Hugo Mendieta Zerón. Сравнение трех формул для оценки острой почечной недостаточности у женщин с преэклампсией после родов. Медицинский журнал Западного Казахстана 2018;58(2):31-37.
Oscar Iván de la Rosa Lemus, José Luis Rodríguez Chávez, Eduardo Hernández Garduño, Hugo Mendieta Zerón. Comparison of three formulas to evaluate acute renal failure in preeclamptic puerperal women. Medical journal of West Kazakhstan 2018;58(2):31-37.
6. Жарылгапов А.Б., Койшыбаев А.К., Уразаев О.Н., Аманкосов А.А., Туляева А.Б. Атабездің семіномасының спонтанды регрессиясының сирек клиникалық жағдайы. Батыс Қазақстан медицина журналы 2018;58(2):38-42.
Жарылгапов А.Б., Койшыбаев А.К., Уразаев О.Н., Аманкосов А.А., Туляева А.Б. Случай спонтанной регрессии первичной опухоли при семиноме яичка. Медицинский журнал Западного Казахстана 2018;58(2):38-42.
Zharylgapov A.B., Koishybayev A.K., Urazayev O.N., Amankosov A.A., Tulyayeva A.B. Spontaneous regression of primary tumor of seminoma. Medical journal of West Kazakhstan 2018;58(2):38-42.
7. Койшыбаев А.К., Бегунов В.В., Уразаев О.Н., Жарылгапов А.Б., Джунаев Д.Р., Едигеева И.М., Койшыбаева Д.А. Тоқ ішектің бауырлық бұрышының жергілікті жайылған обыры кезіндегі оперативтік араласу тактикасы. Батыс Қазақстан медицина журналы 2018;58(2):43-48.
Койшыбаев А.К., Бегунов В.В., Уразаев О.Н., Жарылгапов А.Б., Джунаев Д.Р., Едигеева И.М., Койшыбаева Д.А. Тактика оперативного вмешательства при местно-распространенном раке печеночного угла ободочной кишки. Медицинский журнал Западного Казахстана 2018;58(2):43-48.
Koishybayev A.K., Begunov V.V., Urazayev O.N., Zharylgapov A.B., Junayev D.R., Yedigeyeva I.M., Koishybayeva

- D.A. The tactics of surgery of regional cancer of hepatic angle of colon. Medical journal of West Kazakhstan 2018;58(2):43-48.
8. Кудабаева Х.И., Космуратова Р.Н., Алтынбеков М.А., Макенова К.Ж., Смағұлова Ә.Қ. Эндокринолог дәрігердің тәжірибесінде кездесетін аутоиммунды полигландулярлы синдромның нұсқасы. Батыс Қазақстан медицина журналы 2018;58(2):49-54.
- Кудабаева Х.И., Космуратова Р.Н., Алтынбеков М.А., Макенова К.Ж., Смағұлова А.К. Варианты аутоиммунного полигландулярного синдрома в практике врача-эндокринолога. Медицинский журнал Западного Казахстана 2018;58(2):49-54.
- Kudabayeva Kh.I., Kosmuratova R.N., Altynbekov M.A., Makenova K.Zh., Smagulova A.K. Variants of autoimmune polygladular syndrome in the practice of an endocrinologist. Medical journal of West Kazakhstan 2018;58(2):49-54.
9. Капанова Г.Ж., Калигожин Ж.Г., Калмаханов С.Б., Хайдарова Т.С. ҚР ауру қызметтерінің құнын зерттеу және кесар тілігі мысалының шығынын талдау. Батыс Қазақстан медицина журналы 2018;58(2):55-60.
- Капанова Г.Ж., Калигожин Ж.Г., Калмаханов С.Б., Хайдарова Т.С. Изучение ценообразования на больничные услуги в рк и анализ затрат на примере операции кесарево сечение. Медицинский журнал Западного Казахстана 2018;58(2):55-60.
- Kapanova G.Zh., Kaligozhin Zh.G., Kalmakhanov S.B., Khaidarova T.S. Studying pricing for hospital services in the republic of kazakhstan and analysis of costs on the example of cesarean section. Medical journal of West Kazakhstan 2018;58(2):55-60.
10. Жангалиева А.Р., Дуйсенова А.А. Медицина мамандықтарында философия пәнін оқытудың танымдық қызметі. Батыс Қазақстан медицина журналы 2018;58(2):61-66.
- Жангалиева А.Р., Дуйсенова А.А. Познавательная деятельность в преподавании философии для медицинских специальностей. Медицинский журнал Западного Казахстана 2018;58(2):61-66.
- Zhangaliyeva A.R., Duisenova A.A. Cognitive activity in teaching philosophy for medical specialties. Medical journal of West Kazakhstan 2018;58(2):61-66.
11. Молдин Б.А. Жаңа қазақстандық патриотизм қалыптастыру мәселелері. Батыс Қазақстан медицина журналы 2018;58(2):67-70.
- Молдин Б.А. Вопросы формирования нового казахстанского патриотизма. Медицинский журнал Западного Казахстана 2018;58(2):67-70.
- Moldin B.A. Issues of formation of new kazakhstan patriotism. Medical journal of West Kazakhstan 2018;58(2):67-70.

ӨЗЕКТІ МАҚАЛА

ПРОБЛЕМНАЯ СТАТЬЯ

TOPICAL ARTICLES

1. Н.С. Искакова, У.С. Самарова
ҚАТЕРЛІ ІСІККЕ ТҰҚЫМҚУАЛАУШЫЛЫҚҚА БЕЙІМ ОТБАСЫЛАРҒА СКРИНИНГТІК
ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ 4
Н.С. Искакова, У.С. Самарова
ОРГАНИЗАЦИЯ СКРИНИНГОВЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ДЛЯ СЕМЕЙ, СКЛОННЫХ К
НАСЛЕДСТВЕННОМУ ОНКОЛОГИЧЕСКИМ ЗАБОЛЕВАНИЯМ. 4
N.S. Iskakova, U.S. Samarova
SCREENING RESEARCH FOR FAMILIES WITH HEREDITARY ONCOLOGICAL DISEASES 4

ШОЛУ МАҚАЛАЛАРЫ

ОБЗОРНЫЕ СТАТЬИ

ANALYTICAL REVIEW

2. А.Ж. Әжмұханбетова, М.С. Баяділов, С.К. Олжатаев, Ж.Ж. Жақыпбекова, Г.О. Доланова, Г.Ө. Жолдыбаева, Г.С. Садықова
ЫСТЫҚ АУА РАЙЫ ЖАҒДАЙЫНДА АРТЕРИАЛДЫ ГИПЕРТЕНЗИЯНЫҢ АСҚЫНУ ҚАУПІ 14
А.Ж. Ажмуханбетова, М.С. Баядилов, С.К. Олжатаев, Ж.Ж. Джакипбекова, Г.О. Доланова, Г.У. Жолдыбаева, Г.С. Садықова
РИСК ОСЛОЖНЕНИЙ АРТЕРИАЛЬНОЙ ГИПЕРТЕНЗИИ В УСЛОВИЯХ ЖАРЫ. 14
A.ZH. Azhmuhanbetova, M.S. Bayadilov, S.K. Olzhatayev, Zh.Zh. Jakipbekova, G.O. Dolanova, G.U. Zholdybayeva, G.S. Sadykova
RISK OF HYPERTENSION DEVELOPING IN HOT WEATHER. 14
3. Г.Д. Темірбаева, У.С. Самарова
ДӘРІГЕР МЕН ПАЦИЕНТТІҢ ӨЗАРА ҚАТЫНАСЫ 20
Г.Д. Темірбаева, У.С. Самарова
ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ВРАЧА И ПАЦИЕНТА: ОБЗОР ЛИТЕРАТУРЫ 20
G.D. Temirbayeva, U.S. Samarova
DOCTOR-PATIENT COMMUNICATION: REVIEW OF THE LITERATURE 20

ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫ-КЛИНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНО-КЛИНИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

EXPERIMENTAL AND CLINICAL INVESTIGATIONS

4. Najam ul Hasan, Adnan Shafique, Shah Murad, Khalid Niaz, Hina Aslam, Hamid mahmood
АЛЛОПАТИЯ ЖӘНЕ ДӘРІЛІК ШӨПТЕР 26
Najam ul Hasan, Adnan Shafique, Shah Murad, Khalid Niaz, Hina Aslam, Hamid mahmood
АЛЛОПАТИЯ И ЛЕКАРСТВЕННЫЕ ТРАВЫ 26
Najam ul Hasan, Adnan Shafique, Shah Murad, Khalid Niaz, Hina Aslam, Hamid mahmood
ALLOPATHY, PLANTS AND MEDICINAL HERBS 26
5. Oscar Iván de la Rosa Lemus, José Luis Rodríguez Chávez, Eduardo Hernández Garduño, Hugo Mendieta Zerón
БОСАНҒАННАН КЕЙІНГІ ПРЕЭКЛАМПСИЯСЫ БАР ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЖІТІ БҮЙРЕК
ЖЕТІСПЕУШІЛІГІН БАҒАЛАУДЫҢ ҮШ ФОРМУЛАСЫН САЛЫСТЫРУ 31
Oscar Iván de la Rosa Lemus, José Luis Rodríguez Chávez, Eduardo Hernández Garduño, Hugo Mendieta Zerón
СРАВНЕНИЕ ТРЕХ ФОРМУЛ ДЛЯ ОЦЕНКИ ОСТРОЙ ПОЧЕЧНОЙ НЕДОСТАТОЧНОСТИ У ЖЕНЩИН
С ПРЕЭКЛАМПСИЕЙ ПОСЛЕ РОДОВ 31
Oscar Iván de la Rosa Lemus, José Luis Rodríguez Chávez, Eduardo Hernández Garduño, Hugo Mendieta Zerón
COMPARISON OF THREE FORMULAS TO EVALUATE ACUTE RENAL FAILURE IN PREECLAMPTIC
PUERPERAL WOMEN 31.

ТӘЖІРИБЕЛІК ДӘРІГЕР БЕТІ

СТРАНИЦА ПРАКТИЧЕСКОГО ВРАЧА

PRACTISING PHYSICIAN'S PAGE

6. А.Б. Жарылғапов, А.К. Койшыбаев, О.Н. Уразаев, А.А. Аманкосов, А.Б. Туляева
АТАБЕЗ СЕМИНОМАСЫНЫҢ СПОНТАНДЫ РЕГРЕССИЯСЫНЫҢ СИРЕК КЛИНИКАЛЫҚ
ЖАҒДАЙЫ 38
А.Б. Жарылғапов, А.К. Койшыбаев, О.Н. Уразаев, А.А. Аманкосов, А.Б. Туляева
СЛУЧАЙ СПОНТАННОЙ РЕГРЕССИИ ПЕРВИЧНОЙ ОПУХОЛИ ПРИ СЕМИНОМЕ ЯИЧКА 38
A.B. Zharylgapov, A.K. Koishybayev, O.N. Urazayev, A.A. Amankosov, A.B. Tulyayeva
SPONTANEOUS REGRESSION OF PRIMARY TUMOR OF SEMINOMA 38

7.	А.К. Койшыбаев, В.В. Бегунов, О.Н. Уразаев, А.Б. Жарылгапов, Д.Р. Джунаев, И.М. Едигеева, Д.А.Койшыбаева ТОҚ ШЕКТІҢ БАУЫРЛЫҚ БҰРЫШЫНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ ЖАЙЫЛҒАН ОБЫРЫ КЕЗІНДЕГІ ОПЕРАТИВТІК АРАЛАСУ ТАКТИКАСЫ.	43
	А.К. Койшыбаев, В.В., Бегунов, О.Н. Уразаев, А.Б. Жарылгапов, Д.Р. Джунаев, И.М. Едигеева, Д.А. Койшыбаева ТАКТИКА ОПЕРАТИВНОГО ВМЕШАТЕЛЬСТВА ПРИ МЕСТНО-РАСПРОСТРАНЕННОМ РАКЕ ПЕЧЕНОЧНОГО УГЛА ОБОДОЧНОЙ КИШКИ	43
	А.К. Koishybayev, V.V. Begunov, O.N. Urabayev, A.B. Zharylgapov, D.R. Junayev, I.M. Yedigeyeva, D.A. Koishybayeva THE TACTICS OF SURGERY OF REGIONAL CANCER OF HEPATIC ANGLE OF COLON	43
8.	Х.И. Кудабасева, Р.Н. Космуратова, М.А. Алтынбеков, К.Ж. Макенова, Ө.Қ. Смағұлова ЭНДОКРИНОЛОГ ДӘРІГЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕСІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН АУТОИММУНДЫ ПОЛИГЛАНДУЛЯРЛЫ СИНДРОМНЫҢ НҰСҚАСЫ	49
	Х.И. Кудабасева, Р.Н. Космуратова, М.А. Алтынбеков, К.Ж. Макенова, А.К. Смағұлова ВАРИАНТЫ АУТОИММУННОГО ПОЛИГЛАНДУЛЯРНОГО СИНДРОМА В ПРАКТИКЕ ВРАЧА-ЭНДОКРИНОЛОГА	49
	Kh.I. Kudabayeva, R.N. Kosmuratova, M.A. Altynbekov, K.Zh. Makenova, A.K. Smagulova VARIANTS OF AUTOIMMUNE POLYGLADULAR SYNDROME IN THE PRACTICE OF AN ENDOCRINOLOGIST	49

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ВОПРОСЫ ОРГАНИЗАЦИИ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ

ISSUES OF HEALTH ORGANIZATION

9.	Г.Ж. Капанова, Ж.Г. Калигожин, С.Б. Калмаханов, Т.С. Хайдарова ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ БАҒА ЖҮЙЕСІ КЕСАР ТІЛГІ ОПЕРАЦИЯСЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА	55
	Г.Ж. Капанова, Ж.Г. Калигожин, С.Б. Калмаханов, Т.С. Хайдарова ИЗУЧЕНИЕ ЦЕНООБРАЗОВАНИЯ НА БОЛЬНИЧНЫЕ УСЛУГИ В РК И АНАЛИЗ ЗАТРАТ НА ПРИМЕРЕ ОПЕРАЦИИ КЕСАРЕВО СЕЧЕНИЕ	55
	G.Zh. Kapanova, Zh.G.Kaligozhin, S.B.Kalmakhanov, T.S.Khaidarova STUDYING PRICING FOR HOSPITAL SERVICES IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND ANALYSIS OF COSTS ON THE EXAMPLE OF CESAREAN SECTION	55

БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

EDUCATIONAL TECHNOLOGIES

10.	А.Р. Жангалиева, А.А. Дуйсенова МЕДИЦИНА МАМАНДЫҚТАРЫНДА ФИЛОСОФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ. 61 А.Р. Жангалиева, А.А. Дуйсенова ПОЗНАВАТЕЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В ПРЕПОДАВАНИИ ФИЛОСОФИИ ДЛЯ МЕДИЦИНСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ.	61
	A.R. Zhangaliyeva, A.A. Duisenova COGNITIVE ACTIVITY IN TEACHING PHILOSOPHY FOR MEDICAL SPECIALTIES.	61

ҚАЗАҚСТАН – 2050

КАЗАХСТАН – 2050

KAZAKHSTAN – 2050

11.	Б.А. Молдин ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	67
	Б.А. Молдин ВОПРОСЫ ФОРМИРОВАНИЯ НОВОГО КАЗАХСТАНСКОГО ПАТРИОТИЗМА	67
	B.A. Moldin ISSUES OF FORMATION OF NEW KAZAKHSTAN PATRIOTISM.	67